2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың: 101 , 102 , 103 , 104 , 105 , 106 , 107 , 108 , 109 , 110 , 111 , 112 , 113 , 114 , 115 , 116 , 117 , 118 , 119 , 120 , 121 , 122 , 123 , 124 , 125 , 126 , 127 , 128 , 129 , 130 , 131 , 132 , 133 , 134 , 135 , 136 , 137 , 138 , 139 , 140 , 141 , 142 , 143 , 144-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 101-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7178298 мың теңге (жеті миллиард бір жүз жетпіс сегіз миллион екі жүз тоқсан сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1627 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : агроөнеркәсіптік кешен, орман, су және балық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : реттеуші салада стратегиялық жоспарларды, мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды, нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік және әдістемелік құжаттарды, құжаттардың түрлерін әзірлеу және бекіту, қалыптастыру және іске асыру; мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарын өндіруді құрудың негізін жасау; Қазақстан Республикасында азық-түліктік қауіпсіздікті және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; реттелетін салада мемлекеттік бақылауды, қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету; агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық-кеңестік қамтамасыз ету .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Агроөнеркәсіп кешен саласындағы орман, су және балық шаруашылығы нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу; эпизоотикалық мониторингті, диагностиканы және | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыруды жүргізу; карантинге жатқызылған өнімге импорттық карантиндік рұқсаттар беру; өсімдіктерді қорғау және карантин саласында мониторингті жүргізу және бақылау; Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен олардың реттелетін сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын тексеру мақсатында бақылау объекттеріне бару; ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарды бақылауды жүзеге асыру. | | министр-лігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық орган-дардың аппарат-тары | Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік ветеринариялық бақылауды жүзеге асыру; орман және аңшылық шаруашылығы бойынша бақылау; тракторларды мемлекеттік тіркеуді, техникалық тексеруді, емтихандар қабылдауды және тракторларды басқару құқығына куәлік беруді жүргізу; су қорын қорғау және пайдалану бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; балық шаруашылығы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру, балық шаруашылығын жүргізу және балық | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қорын және басқа да су жануарларын өсіру және пайдалану. | | министр-лігі |
| 4 | | 007 | Мемле-кеттік қызмет-шілердің біліктілігін арттыру | Мынадай он тақырып бойынша мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті сатып алу:<br>1) өсімдіктерді қорғау және карантин;<br>2) ветеринария;<br>3) техникалық инспекция;<br>4) тұқымдық және астық инспекциялау;<br>5) мал тұқымын асылдандыру ісі;<br>6) балық шаруашылығы;<br>7) орман шаруашылығы;<br>8) су шаруашылығы;<br>9) ауыл шаруашылығына ақпаратты-маркетингтік қызмет көрсету;<br>10) Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану. Мемлекеттік тілді оқыту. | Ақпан-қараша | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 5 | | 008 | Мемле-кеттік орган-дардың ғимарат-тарын, үй-жай-лары мен құрылыс-тарын күрделі жөндеу | Ғимараттарды, имараттарды, күрделі жөндеу жүргізу:<br>Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Семей қалалық аумақтық инспекциясы (05.12. 2006 жылғы N 22-417/06 мемлекеттік сараптама);<br>Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Атбасар аудандық аумақтық инспекциясының әкімшілік ғимараты (08.08.2006 жылғы N 19/316-2006 мемлекеттік | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сараптама);<br>Балық шаруашылығы комитеті, сонымен бірге: Ақмола облыстық аумақтық балық шаруашылығы басқармасы (08.05.2007 жылғы N 19/192-2007 мемлекеттік сараптама);<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Балқаш-Алакөл облыс аралық бассейіндік басқармасы: Балқаш балық шаруашылығы инспекциясы (02.08.2005 жылғы N 20-274/2005 мемлекеттік сараптама);<br>Қаратал балық шаруашылығы инспекциясы (01.08.2005 жылғы N 20-273/2005 мемлекеттік сараптама);<br>Алакөл балық шаруашылығы инспекциясы (02.08.2005 жылғы N 20-274/2005 мемлекеттік сараптама);<br>Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Орал-Каспий облыс аралық бассейндік басқармасы, сонымен бірге: Батыс Қазақстан облысы бойынша Орал қаласының балық инспекциясы (25.04.2007 жылғы N 11-191/07 мемлекеттік сараптама);<br>Маңғыстау облысы бойынша балық инспекциясы (20.04.2007 жылғы N 15-160/2007 мемлекеттік сараптама);<br>Орман және аңшылық | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шаруашылығы комитеті, сонымен бірге: Талдықорған қаласындағы Алматы аумақтық басқармасы (12.04.2007 жылғы N 20-180/2007 мемлекеттік сараптама); Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық басқармасы (21.03.2006 жылғы N 18-107/2006 мемлекеттік сараптама); Қостанай аумақтық басқармасы (30.01.2007 жылғы N 14-18/07 мемлекеттік сараптама); Ақтөбе аумақтық басқармасы (27.04.2007 жылғы N 6-204/07 мемлекеттік сараптама). | | |
| 6 | | 009 | Мемле-кеттік орган-дарды материал-дық-тех-никалық жарақ-тандыру | Уәкілетті органның агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласында ары қарай қызмет істеуі үшін материалды-техникалық базамен қамтамасыз ету. | Ақпан-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 7 | | 017 | Ақпа-раттық жүйе-лердің жұмыс істеуін қамтама-сыз ету және мемле-кеттік орган-дарды ақпарат-тық-тех-никалық қамтама-сыз ету | Телекоммуникациялық қызметтер көрсету. Ақпарат жүйелерін және оқшау мәселелерді қолдау, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне техникалық көмек және веб-сайтты жаңарту; техникалық көмек және экономиканың аграрлық секторында электрондық сауда саттық жүйесін қолдау; техникалық көмек және Бірыңғай автоматтандырылған жүйені қолдау және АӨК "E-Agriculture" салаларды басқару. Оқшау есептеу | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | желісіне, желілік жабдықтардың және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орталық аппараты мен орман және аңшылық шаруашылығы комитетінде жүйелі қызмет көрсету; Компьютерлік, перифериялық, оргтехникалық жабдықтарға, сонымен бірге картридж жөндеу және бояу құю, қосалқы бөлшектер және шығыс материалдарын жеткізуді қоса техникалық қызмет көрсету; Есептеу техникаларын сатып алу, лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. Қазақстан Республикасы Ауыл министрлігінің Мемлекеттік инспекция жөніндегі комитеттің облыстық, қалалық, аудандық, аумақтық инспекцияларында құрылымдылық кабельдік желілер орнату: 1С: бухгалтерияны қолдау және пайдалану; "ЦИФС" акционерлік қоғамы бағдарламалық өнімдерін қолдау. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету; мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін көтеру - 745 адам, сонымен қатар аумақтық органдарда - 125 адам, мемлекеттік тілді оқыту - 515 адам, сонымен қатар аумақтық органдарда - 435 адам.

Түпкілікті нәтиже: бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өндірісін жасау, еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін көтеруге жұмсалатын орташа шығын - 32 639 мың теңге.
бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытуға жұмсалатын орташа шығын - 47 216 мың теңге.

Уақыттылығы: жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау және жасасқан шарттарға сәйкес жыл бойы.

Сапасы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін белгіленген мерзімді ескере отырып іс-шараларды толық көлемде 100% сапалы орындау; кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
102-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Жердің мелиоративтік жай-күйін сақтау және жақсарту" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 175929 мың теңге (бір жүз жетпіс бес миллион тоғыз жүз жиырма тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 95, 135-баптары ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : суармалы жерлерге және жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасы объектілеріне, жерді қалпына келтіру мен су ресурстарын басқару жобасына мониторинг, Қазақстан Республикасының суармалы жерлерінің мелиориативтік жай-күйін бағалау, гидромелиоративтік және су шаруашылығына бағытталған жобалау-іздестіру жұмыстарына әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Жердің мелиора-тивтік жай-күйін сақтау және жақсарту | | | |
| 2 | | 100 | Гидро-геология-мелиора-тивтік экспеди-циялар | Штаттық саны 92 адам болатын "Жетісу гидрогеологиялық-ме-лиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемесін мынадай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу - 700000 гектар алаңда, сонымен бірге Алматы облысында 662000 гектар, Жамбыл облысында 38000 гектар, жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы объектілерінде 21332 гектар, сонымен бірге: Жетісу (басты) экспедициясында -13495 гектар; Солтүстік бөлімде - 7837 гектар; жер асты сулардың деңгейлік-тұздық режиміне тұрақты гидрогеологиялық стационарлық бақылаулар - 8400 өлшеу; коллекторлық кәріздік су ағымына гидрогеологиялық бақылау 550 өлшеу; ұңғымаларды ағымдағы жөндеу 490 ұңғыма; 6800 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лабораториялық талдаулар - 5000 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картографиялық деректерін құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлеу. Аспаптар мен жабдықтар сатып алу. Штаттық саны - 85 адам болатын "Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-ме- лиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемесін мынадай жұмыстар жүргізу үшін ұстау: 621900 гектар суармалы жерде (сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 516300 гектар және Жамбыл облысы бойынша - 105600 гектар) және жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасы объектілеріндегі 9937 гектарға және су ресурстарын басқару және жерлерді қалпына келтіру жобасының 39300 гектар алаңында агромелиоративтік зерттеу жүргізу; 30472 өлшеу-жер асты суларының деңгейлік-тұздық режиміне тұрақты гидрогеологиялық стационарлық бақылаулар; 2168 өлшеу коллекторлық-кәріздік су ағынына гидрогеологиялық бақылау; ұңғымаларды ағымдағы жөндеуге - 155 ұңғыма; 20000 гектарға | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | топырақтық-тұздық түсірімдер; лабораториялық талдаулар - 7607 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картографиялық деректерін құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлеу. Аспаптар сатып алу. Штаттық саны - 50 адам болатын "Қызылорда гидрогео-логиялық-мелиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемесін мынандай жұмыстар жүргізу үшін ұстау: 300000 гектар суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу және жобаның объектілерінде 1034 гектар жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру; жер асты сулардың деңгейлік-тұздық режиміне тұрақты гидрогеологиялық стационарлық бақылаулар - 10000 өлшеу; коллекторлық-кәріздік су ағымына гидрогеологиялық бақылау 200 өлшеу; ұңғымаларды ағымдағы жөндеуге - 143 ұңғыма; 2000 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; лабораториялық талдаулар - 3000 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картографиялық материалдарын құрастыру; суармалы | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлеу. Лабораториялық құрал-жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету - 1С: Бухгалтерия сатып алу. | | |
| 3 | | 101 | "Қазаг-ромелиосу шаруашы-лығы" респу-бликалық әдісте-мелік орталығы | Штаттық саны 23 адам болатын "Қазагромелиосушар" Республикалық әдістемелік орталық мемлекеттік мекемесін мынандай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: жобалау-іздестіру жұмыстарын республикалық бірыңғай нормативтік-әдісте-мелік құжаттармен қамтамасыз ету және әзірлеу; гидромелиоративтік және су шаруашылығына арналған жобаларды бірыңғай ақпараттық қамтамасыз етуді әзірлеу; гидромелиоративті және су шаруашылығына арналған жобаларды сараптау және қорытындысын беру; өңірлік жобалау-іздестіру кәсіпорындарының қызметтерін үйлестіруді жүзеге асыру; су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерді қалпына келтіруге инвестиция тарту. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: жалпы алаңы 1621900 гектар жерге жүргізілген іс шаралар кешенінің нәтижесінде суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйі туралы ақпарат алынады, инженерлік дайын суармалы жерлерге мелиоративтік іс-шаралардың орындалуы бойынша мемлекеттік бақылау жүзеге асырылады, жердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту

және сақтау жөніндегі нұсқаулар мен іс-шаралар әзірленеді. Су объектілерін қорғау және пайдалану саласында жобалау-іздестіру жұмыстарына нормативтік-әдістемелік құжаттар әзірлеу және бекіту.

Мемлекеттік мекемелер жарақтандырылатын болады: Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: 10 бірлік құрылғылар мен жабдықтармен; Оңтүстік-Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: топырақ өлшейтін 1 жиынтық құрылғымен; Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: 2 бірлік лабораториялық жабдықпен - (топырақ үлгілерін ұсақтағыш (ИИП-1), лазерлік центтрирмен электронды тахометр ( ТС 403,3)), бағдарламалық қамтамасыз ету - 1С: Бухгалтерия.

Түпкілікті нәтиже: жердің, суармалы судың ұтымды және тиімді пайдаланылуы, тұзданудың, сортаңданудың, суландыру эрозиясы дамуының және топырақ құнарлылығының төмендеуінің алдын алу; жобалау-іздестіру жұмыстарының тиімді және сапалы орындалуы, келісілген нормалармен және ережелермен қамтамасыз етілуі.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 (бір) гектар суармалы жердің мелиоративтік жай-күйін бағалаудың орташа құны - 97,4 теңге/гектар. Бір нормативтік-әдістемелік құжаттың орташа құны - 0,5 миллион теңге. (Есеп материалдық-техникалық жарақтандыру шығындары есепке алынбай жүргізілген).

Уақыттылығы: белгіленген мерзімде орындалған іс-шаралардың нәтижесін ұсыну.

Сапасы: жерді пайдалану коэффициентінің жыл сайын ұлғаюымен инженерлік дайын жерлерді тиімді пайдалану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
103-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Өсімдіктерді қорғау" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3326913 мың теңге (үш миллиард үш жүз жиырма алты миллион тоғыз жүз он үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңының 20-бабы ; " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ; "Карантиндік объектілер және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 19 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикада қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республика аумағында фитосанитариялық жағдайға жүйелі түрде бақылау жүргізу; ағымдағы жылы аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай дамуы мен таралуының ошақтарын толық анықтау; ауыл шаруашылығы дақылдары мен пайдаланатын жер үшін аса қауіпті зиянды организмдердің санын қауіпсіз (ЗЭШ - зияндылықтың экономикалық шегінен төмен) деңгейге дейін төмендету; ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуының мейлінше анық болжамдарымен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар- лама коды | Бағдар- ламаның (кіші бағдар- ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Өсімдік- терді қорғау | | | |
| 2 | | 100 | Аса қауіпті зиянды организм- дерге | 3,0 - 3,5 миллион гектар алаңда химиялық өңдеуді қамтамасыз ететін, республикада қолдану үшін тіркелген | Қаңтар- желтоқ- сан | Қазақстан Респу- бликасы Ауыл шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қарсы күрес жүргізу | пестицидтер сатып алу, соның ішінде пестицидтердің қорын сатып алу. Арнайы автокөлікпен белгіленген жерге пестицидтерді, оның ішінде пестицидтердің қорын жеткізу. Тиісті жағдайларда сатып алынатын пестицидтерді, оның ішінде пестицидтердің қорын сақтау. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеде анықталған зиянкестер мен ауруларға қарсы шамамен 3,0 - 3,5 миллион гектар алаңда биологиялық тиімділігі 80-85 % болатын химиялық өңдеулер жүргізу. | | лығы министр-лігі |
| 3 | | 101 | Фито-санита-риялық диагнос-тика және болжамдау респу-бликалық әдісте-мелік орталығы | 1 143 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау. Шамамен 105,0 миллион гектар алаңда ауыл шаруашылығы дақылдарының ерекше қауіпті зиянды организмдерінің қоныстануына (зазалдануына); 9,2 миллион гектар алаңда зиянды организмдерінің пайда болуына, дамуына және таралуына оның ішінде: 4,8 миллион гектар алаңда ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің зиянды жәндіктердің пайда болуына, дамуына және таралуына; 1,9 миллион гектар алаңда ауыл шаруашылығы өсімдіктері ауруларының пайда болуына, дамуына және таралуына; 2,5 миллион гектар | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аланда арам шөптердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде зерттеу жүргізу. Автокөлік құралдарын, лабораториялық жабдықтарды, ұйымдастыру техникасын, кеңселік жиһаз, зерттеу құрылғылары мен жабдықтарды сатып алу. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: 105,0 миллион гектар аланда аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай дамуы мен таралу ошақтарын анықтау; 9,2 миллион гектар аланда зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде зерттеу жүргізу; Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығын: 26 бірлік - автокөлік құралдарымен, 78 бірлік - лабораториялық жабдықтармен, 106 бірлік - ұйымдастыру техникасымен, 26 жинақтама - кеңселік жиһаздармен, 176 бірлік - шегіртке тәріздідерді табуға арналған аспаптармен, 174 бірлік - палаткамен, 199 бірлік - сейфпен, 100 бірлік - цифрлы фотоаппаратпен, 100 бірлік - энтомологиялық сөмкемен жарақтандыру.

3,0 - 3,5 миллион гектар аланда аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу.

Түпкілікті нәтиже: ерекше қауіпті зиянды организмдердің қоныстанғаны анықталған алаңдармен салыстырғандағы химиялық өңдеулермен қамту алаңдарының пайызы: ерекше қауіпті зиянкестер бойынша - 100%; бидайдың аурулары (тат және септориоз) бойынша - 42%.

3,0 - 3,5 миллион гектар аланда ауыл шаруашылығы дақылдарының ерекше қауіпті зиянды организмдерінің санын қауіпсіз (ЗЭШ - зияндылықтың экономикалық шегінен төмен) деңгейге дейін азайту;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуының мейлінше анық болжамдармен қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде бақылау және зертеу жүргізудің 1 гектар жалпы шығыны - 9,89 теңге; ауыл шаруашылығы дақылдарының және алқаптардың 1 гектар ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы іс-шаралар жүргізуге жалпы шығыны - 868,0 теңге.

Уақыттылығы: аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы оңтайлы мерзімде жүргізілген химиялық өңдеулердің пайызы - 100%.

Сапасы: ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы жүргізілген химиялық өңдеулердің уақтылығы мен сапасына қанағаттанған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің пайызы - 80 % жоғары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
104-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Өсімдіктер карантині" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 975504 мың теңге (тоғыз жүз жетпіс бес миллион бес жүз төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 18-бабы ; " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ; "Карантиндік объектілер және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысы ; " Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 19 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 773 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы аумағында карантиндік объектілердің таралуының алдын алу мен оған жол бермеу және қолайлы

фитосанитарлық жағдайды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : карантиндік объектілердің бар ошақтарын анықтау, оқшаулау, жою, олардың бұдан әрі таралуының алдын алу және оны болдырмау, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің түрлік құрамын айқындау, себілетін және отырғызылатын материалдағы жасырын залалдануды анықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Өсімдік-тер карантині | | | |
| 2 | | 100 | Өсімдік-тер карантині жөніндегі мемле-кеттік мекемелер | Республикалық карантиндік зертхана: 35 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау; карантинге жатқызылған өнімге және үлгілерге зертханалық фитосанитарлық сараптама жүргізу, оның ішінде биологиялық объектілердің болуын анықтау және олардың түрлік құрамын айқындау; лабораториялық ғимараттар, лабораториялық құрылғылар мен жабдықтарды сатып алу; Республикалық жеміс-жидек дақылдарының интродукциялық-каран-тиндік көшеттігі: 12 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау; жеміс-жидек дақылдарындағы зиянкестерді, өсімдік ауруларын және | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агронөр-кәсіп кешенін-дегі мемле-кеттік инспекция комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | арамшөптерді анықтауға сараптамалар мен талдау жүргізу, өсімдіктердің жетілу кезеңінде карантинге жеткізілген (қалемшелер, көшеттер, тұқымдар, түйнек, жуашық, тамыртүйнек жеміс) материалды зерттеу; жеміс-жидек және басқа да дақылдардың тірі өсімдіктерін өсіру, тексерілген карантинге жатқызылған материалдарды күту жөніндегі агротехникалық іс-шаралар жүргізу; тексеруге келіп түскен материалдар үшін сәйкес теліту үшін өсіру; келіп түскен материалдарды ұластыру, отырғызу және себу; шырпу, суару, үстеп қоректендіру, қопсыту, химиялық өңдеу, жүргізу; карантиндік тексеру аяқталғаннан кейін отырғызу, ұластыру немесе тұқымдық материал шығару; ұйымдастыру техникасын сатып алу. Республикалық дәнді дақылдардың интродукциялық-карантиндік көшеттігі: 18 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау; дәнді, дәнді-бұршақты дақылдардың, жүгерінің және басқа да дақылдардың келіп түскен импорттық сорт үлгілерінің карантиндік объектілермен жасырын залалдануына сараптамалар мен талдау жүргізу; дәнді, дәнді-бұршақты, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жүгері және басқа дақылдардың импорттық сорт үлгілерін өсіру және сараптама; карантиндік тексеру аяқталғаннан кейін таза тұқым материалын шығару; ауыл шаруашылығы техникасын, лабораториялық жабдықтар және аспаптар сатып алу. | | |
| 3 | | 101 | Карантиндік зиянкестердің, өсімдік ауруларының және арамшөптердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау және жою | Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тізбе бойынша карантиндік объектілердің таралу ошақтарын айқындау, оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, соның ішінде: карантиндік объектілердің болуына 1800,0-2000,0 мың гектар аумағында зерттеулер жүргізу; химиялық препараттар сатып алу: 100,0-130,0 мың гектар алаңда карантиндік зиянкестерге қарсы күрес жүргізу үшін, оның ішінде қорды жаңарту және толықтыру үшін инсектицидтер; 120,0-150,0 мың гектар алаңда карантиндік арамшөптерге қарсы күрес жүргізу үшін, оның ішінде қорды жаңарту және толықтыру үшін гербицидтер; химиялық препараттарды, оның ішінде қорды сақтау; химиялық препараттарды, оның ішінде қорын белгіленген жеткізу; 220,0-240,0 мың гектар карантиндік | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | зиянкестер арамшөптерге қарсы химиялық күрес. | | инспекция комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: 1800,0-2000,0 мың гектар аланда және 100 кәсіпорында карантиндік зиянкестердің, өсімдік аурулары мен арамшөптердің таралу ошақтарын оқшалау және жою; 220,0-240,0 мың гектар аланда анықталған карантиндік зиянкестердің, өсімдік аурулары мен арамшөптердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою;

Карантиндік объектілердің болуына жүргізілген шамамен 35 мың лабораториялық сараптама нәтижесінде деректер алу; Республикалық карантиндік зертхананың материалдық-техникалық жарақтау: Ақтөбе, Тараз, Семей, және Достық станцияларында қосымша 4 лабораториялық ғимараттар мен лабораториялық құрылыстарды сатып алу; үстелге қоятын бактерицидті камера - 2 бірлік, цифрлы видеокамера - 1 бірлік, диопроектор - 1 бірлік;

шамамен 245 сорт үлгілеріне және 4 000 дана әртүрлі жеміс-жидек дақылдарына және өсірілген тірі өсімдіктерге, басқа дақылдарға жүргізілген зерттеулер кезінде деректер алу;

дәнді дақылдардың өсу кезеңінде карантинге жатқызылған материалдардың шамамен 80 сорт үлгілеріне жүргізілген зерттеулер кезінде деректер алу;

Республикалық жеміс-жидек дақылдарын жерсіндіру-карантиндік көшеттігін материалдық-техникалық жарақтау: 2 бірлік - жылжымалы компьютер, 1 бірлік - факсимильді аппарат сатып алу;

Республикалық дәнді дақылдардың интродукциялық-карантиндік көшеттігін материалдық-техникалық жарақтау: 1 бірлік бүркігіш, 10 бірлік зертханалық жабдықтармен қамтамасыз ету.

Түпкілікті нәтиже: Қазақстан Республикасының аумағына карантиндік объектілердің таралуына жол бермеу.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыл шаруашылығы дақылдары мен 1 гектар егістік жердегі карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық күрес шараларына жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 3 285,8 теңгені құрайды;

ауыл шаруашылығы дақылдары мен 1 гектар егістік жердегі карантиндік зиянкестер мен арамшөптердің ошақтарын анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізуге жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 54,0 теңгені құрайды;

1 кәсіпорынды зерттеуге жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 17 486,8 теңгені құрайды;

карантиндік объектілердің болуына 1 лабораториялық сараптама жүргізуге жұмсалатын жалпы шығын шамамен 838 теңгені құрайды;

дәнді дақылдардың өсу кезеңінде карантиндік материалдардың 1 сорт үлгісіне тексеру жүргізуге жалпы шығын шамамен 202,2 мың теңгені құрайды;

1 сорт үлгісіне және 1 дана жеміс-жидектер және басқа дақылдардың өсірілген тірі өсімдіктеріне зерттеу жүргізуге жұмсалатын жалпы шығын шамамен 1 176,0 теңгені құрайды.

Уақыттылығы: аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы оңтайлы мерзімдерде жүргізілген химиялық өңдеу - 100%.

Сапасы: карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық өңдеулердің уақытылы және сапалы жүргізілуімен қанағаттанған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер - 90 % астам.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 105-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Тұқымдық және көшет материалының сорттық және себу сапаларын анықтау" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 216000 мың теңге (екі жүз он алты миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 4-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 454 бұйрығымен бекітілген Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру ережесі (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелді 2004 жылғы 22 қыркүйекте N 3082).

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өнімділігін арттыру, өсімдік шаруашылығы өнімінің сапасын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бүкіл алқапқа тұқым сапасына тексерілген

тұқымдар себуді қамтамасыз ету, барлық отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілер, мемлекеттік сортсынау учаскелері мен станциялар, мемлекеттік тұқым ресурстары үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сапасына дер кезінде және білікті сараптама жүргізу, олардың қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін айқындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Тұқымдық және көшет мате-риалының сорттық және себу сапаларын анықтау | Тиісті мемлекеттік стандарттармен көзделген барлық сапа көрсеткіштері бойынша (өнгіштігі немесе өмірге бейімділігі), ылғалдылығы, 1000 дәннің салмағы, тазалығы, зиянкестердің қоқыстануы, аурулармен дерттенуі) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, элиталық және бірегей тұқым, бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқым өндірушілер, мемлекеттік сорт сынау учаскелері мен станциялар, мемлекеттік тұқым ресурстары үшін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымына және отырғызылатын материалдарға сорттық және себу сапасына 300,0 мың зерттеу жүргізу. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруа-шылығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіп кешенін-дегі мемле-кеттік инспекция комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: 2,0-2,1 миллион тонна көлемінде тұқымдық және көшет материалының сорттық және себу сапасының жай-күйінің шынайы нәтижелерін алу.

Түпкілікті нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер пайдаланатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымының сапасын 100% дейін тексеруді қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер пайдаланған сапалы тұқымды себуді (шамамен 90%) жүзеге асыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: тұқым сапасын сараптау бойынша 1 зерттеудің құны 720 теңгені құрайды.

Уақыттылығы: ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сапасына дер кезінде сараптама жасау: жазғы дақылдарды - көктемгі егіске дейін, ал күздік дақылдарды - күзгі егіске дейін.

Сапасы: егілетін тұқымдардың сапасын жақсарту: сапалы тұқымдардың үлесі - шамамен 90% құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
106-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1259004 мың теңге (бір миллиард екі жүз елу тоғыз миллион төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 9 және 12-баптары ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 9 , 11-баптары ; "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысы ; " Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдауға арналған бюджет қаражатын басқару үшін агентті айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 997 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға

арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралардың бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы ; "Өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін қаржыны игерудегі кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 1133 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеру және қолдау; ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу салаларын дамытуды ынталандыру және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу жөніндегі отандық кәсіпорындар өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілердің мүліктік мүдделерін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кепілділігін арттыру арқылы өнімнің толық немесе ішінара жойылуына әкеп соққан қолайсыз табиғат құбылыстарының зардаптарынан қорғауды қамтамасыз ету; отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін және қайта өңделген өнімнің ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, агроөнеркәсіп кешені саласындағы кәсіпорындардың халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті мен өнімнің қауіпсіздігі жүйесіне жедел көшуіне жәрдем беру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : лизинг алушылар төлейтін және кейіннен республикалық бюджетке қайтарылатын сыйақы бөлігінің сомасына ауыл шаруашылығы техникасы лизингісінің шығыстарын арзандату; ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың лизингісіне берілетін құрал-жабдықтың құнын лизинг алушылар төлеуіне жататын және бюджетке кейіннен қайтарылатын тиісті сыйақы (мүдде) сомасына төмендету; міндетті сақтандырушыға төленген сақтандыру төлемінің бөлігін өтеу жолымен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау; өндірістік мақсаттар үшін айналымдағы қаражатты толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындары төлейтін төлемдердің сомасын ішінара арзандату; халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті мен өнім қауіпсіздігі жүйесін әзірлеу, енгізу және сертификаттау бойынша агроөнеркәсіптік кешен салалары кәсіпорындарының шығындарын арзандату жолымен ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуға жәрдемдесу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бағдар-<br>ламаның)<br>атауы | | | Жауапты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Агроөнер-кәсіптік кешенді дамытуды мемлекет-тік қолдау | | | |
| 2 | | 103 | Ауыл шаруашы-лығы техника-сының қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу | "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысымен бекітілген Лизингтік негізде ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз етуге 2003 жылға кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесімен анықталған тәртіппен қарыз алушыға сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу. | Жел-тоқсан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі Қазақстан Респу-бликасы Қаржы министр-лігі |
| 3 | | 105 | Ауыл шаруашы-лығы өнімдерін өңдейтін кәсіп-орындарға арналған жабдық-тардың қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставка-сын өтеу | "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысымен бекіткен Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды жабдықтармен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесіне сәйкес қарыз алушы банкке сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу. | Жел-тоқсан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі Қазақстан Респу-бликасы Қаржы министр-лігі |
| 4 | | 106 | Өсімдік шаруашы-лығындағы | Қолайсыз табиғат құбылыстарынан өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдауға | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сақтан-дыруды қолдау | арналған қаражатты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен бөлу; Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдауға арналған бюджет қаражатын басқару үшін агенттің қызметіне ақы төлеу. | | лығы министр-лігі |
| 5 | | 107 | Екінші деңгей-дегі банктер ауыл шаруашы-лығы өнімін өңдейтін кәсіпо-рындарға олардың айналым қаражатын толық-тыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы мүдде ставкасын субси-диялау | Қазақстан Республика-сының Үкіметі бекітетін екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттері бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне сәйкес екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіп-орындарға олардың айналым қаражатын ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу үшін толықтыруға беретін кредиттер бойынша банктік сыйақыны ішінара өтеу. | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 6 | | 111 | Ауылша-руашылық өнімдері өндірісі жүйесін дамытуды субсидия-лау | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау ережесіне сәйкес халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті мен өнім қауіпсіздігі жүйелерін әзірлеу, енгізу және | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сертификаттау жөніндегі қызметтердің құнын ішінара (50 % дейін) өтеу. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша шығындарды 118646 мың теңгеге арзандату;

қайта өңдейтін кәсіпорындардың технологиялық жабдықтар лизингі бойынша шығындарын 3 555,0 мың теңгеге арзандату;

сақтандырушылар (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер) алдындағы сақтандыру жағдайлары бойынша өзінің міндеттемелерін жүзеге асыратын сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері кепілділігінің 50 пайызын қамтамасыз ету, 2008 жылы сақтандыру төлемдерін алған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің күтілетін саны 764 бірлікті құрайды;

салаға жеке инвестициялар тарту - шамамен 10,0 миллиард теңге;

агроөнеркәсіптік кешен салаларында - шамамен 40-60 кәсіпорынның халықаралық стандарттар базасында сапа менеджменті мен өнім қауіпсіздігі жүйелерін әзірлеу, енгізу және сертификаттау.

Түпкілікті нәтиже: лизингтік негізде алынатын ауыл шаруашылығы техникасы мен техникалық жабдықтардың арзандауы есебінен ауыл шаруашылығы өндірушілерінің және қайта өңдеу кәсіпорындарының табыстылығын арттыру; ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындары үшін шикізат өндіруді және сатып алуды дамыту; отандық ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу үлесін көбейту, шығарылатын өнім түрлерін кеңейту; ішкі нарықты ауыл шаруашылығы шикізаттарынан қайта өңделген жоғары сапалы өнімдермен толтыру, ішкі нарықтан импортты біртіндеп ығыстыру, еліміздің ДСҰ-ға кіруі қарсаңында отандық кәсіпорындардың жұмыс істеуі мен тиімділігін сапалы деңгейге шығару және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру қызметінің нарығын дамыту және қалыптастыру, өсімдік шаруашылығы өнімін өсіру кепілдігін арттыру. Ауыл шаруашылығы дақылдары егістерінің 100% сақтандырылумен қамтылуы және осы негізде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің екінші деңгейдегі банктердің кредиттік ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету;

ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін шикізат өндіру мен сатып алуды дамыту; отандық өндірілген ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің үлесін көбейту, шығарылатын өнім түрлерін кеңейту; ішкі нарықты ауыл шаруашылығы шикізаттарынан қайта өңделген жоғары сапалы өніммен толтыру, қайта өңдеуші салалардың өнімдерінің жекелеген түрлері импортын ығыстыру; ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуші кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға берілген кредиттер бойынша екінші деңгейлі банктерге төленетін төлемдердің сомасын төмендету жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта

өңдеуші кәсіпорындардың табыстылығын арттыру;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу, ішкі және сыртқы нарықтарда өткізу нарығы үшін бәсекелестік күреске қатысу, өнімнің экспорттық әлеуетін, сапасын арттыру; азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бюджетке түсетін салықты және жұмыс орнын көбейту (әлеуметтік салық, жеке тұлғадан алынатын салық ); өнімнің "өмірлік циклы" кезеңіндегі шикізатты және ауыл шаруашылығы өнімінің жоғары сапасын қалыптастыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі қаражаттарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сыйақы ставкасын өтеу сомасына арттыру;

ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге жұмсалатын шығындарды азайту;

2008 жылда сақтандыру төлемдерінің күтілетін саны - 764 бірлік (соның ішінде агенттің сақтандыру сомасын 50% өтеген кезде 419 637 мың теңге, орташа есеппен 1 бірлікке 549 мың теңге болады);

технологиялық құрал-жабдықтар лизингіне төлем сомасын төмендету арқылы ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуші кәсіпорындардың табыстылығын арттыру;

айналым қаражатын толықтыруға алынған банктік кредиттер бойынша қызмет көрсетуге төлем сомаларын арзандатумен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының табыстылығын арттыру, нарықта барынша талап етілетін және тұтынушылар сеніміне ие болған, сенімділік пен қауіпсіздік талаптарына сәйкес халықаралық деңгейде стандартталған өндірісті жетілдіру және өнімді өндіру үшін кәсіпорындардың айналым қаражаттарын босату;

отандық ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттігін арттыру нарықта талап етілетін және тұтынушылардың сеніміне ие болған, қауіпсіздік және сенімділік талабына сәйкес, халықаралық деңгейге стандартталған өнім өндіру үшін, сапа менеджменті және өнім қауіпсіздігі жүйесін әзірлеу, енгізу, және сертификаттау бойынша көрсетілетін қызметтерге агроөнеркәсіп кешені саласындағы кәсіпорындардың шығынын 50% дейін төмендету жолымен агроөнеркәсіп кешені саласындағы 40-60 кәсіпорындардың өндірістік емес шығындарын азайту болжанады.

Уақыттылығы: іс-шараларды бекітілген мерзімде орындау.

Сапасы:

сыйақы ставкасын өтеу есебінен аграрлық сектордың машина-трактор паркін жаңартуға қажетті қаржылық қызметтердің қолайлығын арттыру;

сыйақы ставкасын өтеу есебінен қайта өңдеуші кәсіпорындардың технологиялық құрал-жабдықтарын жаңарту үшін қажетті кредиттік ресурстардың қол жетімділігін арттыру;

импорт алмастыратын және экспортқа бағытталған ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу өнімдерінің өндіріс кезеңдерін жетілдіру және дамыту,

өндіру мен бағаларды төмендету есебінен оның бәсекеге қабілеттігін арттыру;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру қызметтерінің нарығын қалыптастыру және дамыту, өсімдік шаруашылығы өнімін өсіру кепілділігін арттыру;

аграрлық сектордағы сақтандыру мәдениетін арттыру, сақтандыру бизнесінің аграрлық секторға мүдделілігін өсіру;

агроөнеркәсіптік кешен салалары өнім өндіру мәдениетін арттыру, агроөнеркәсіптік кешен саласының 40-60 кәсіпорындары өнімдерінің сапасы мен тиімділігін жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 107-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған 007 "Ауыл шаруашылығы саласындағы білім беру объектілерін дамыту" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 62210 мың теңге (алпыс екі миллион екі жүз он мың теңге.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 300 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 мамырдағы N 409 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : елдің агроөнеркәсіптік кешендері үшін жоғары білікті және бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : С. Сейфуллин атындағы Қазақ

агротехникалық университетін материалдық-техникалық жағынан жабдықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Ауыл шаруашылық саласындағы білім беру объектілерін дамыту | "С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің техника факультетінің оқу корпусын салу" жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес іске асыру (мемлекеттік сараптама 04.10.2006 ж. N 2-524/06). Инжинирингілік қызмет және авторлық қадағалау. | Ақпан-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің техникалық факультетінің оқу ғимаратының құрылыс-монтажды жұмыстарын жүргізу; инжинирингілік қызметті және авторлық қадағалауды жүргізу.

Түпкілікті нәтиже: 570 студент оқыту үшін С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті техникалық факультетінің 5 қабатты оқу ғимаратының құрылысы жалғасады.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2010 жылда күтіледі.

Уақыттылығы: жұмыстар кестесінің жоспарына сәйкес.

Сапасы: құрылыстық нормалар мен ережелерге сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
108-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Мемлекеттік мекемелердің инфрақұрылымын дамыту" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 278567 мың теңге (екі жүз жетпіс сегіз миллион бес жүз алпыс жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 34-бабы ; Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 карашадағы N 1692 қаулысы ; "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың инфрақұрылымын дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың инспекторлық құрамы үшін кордондар, гараж, гараж бокстарын және қосымша құрылыстар салу, өртке қарсы шаралар үшін эксплуатациялық ұңғымалар бұрғылау, Қазақ мемлекеттік республикалық орман тұқымы мекемесінің Көкшетау аймақтың орман тұқымы станциясының зертханалық корпусин қайта жаңартуға арналған жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Мемле-кеттік мекеме-лердің инфрақұ-рылымын дамыту | Белгіленген заңнама тәртібінде бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес инвестициялық жобаларды іске асыру: Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық | Қаңтар-жел-тоқсан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығының министр-лігінің |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | табиғи паркі үшін екі пәтерлі кордондар салу (30.10.2007 жылғы N 20-560/2007 мемлекеттік сараптамасы); Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі үшін кордондар салу (14.03.2007 жылғы N 16-167/07, 19.03.2007 жылғы N 16-185/07, N 16-186/07, N 16-187/07, N 16-188/07, N 16-189/07 мемлекеттік сараптамалары); Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы үшін кордондар салу (29.09.2006 жылғы N 18-495/2006, N 18-496/2006, N 18-497/2006 мемлекеттік сараптамалары); Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы үшін өндірістік база салу (09.06.2006 жылғы N 18-241/2006 мемлекеттік сараптамасы); Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы үшін гараж салу (27.08.2004 жылғы N 20-277/2004 мемлекеттік сараптамасы); Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы үшін гараж бокстарын және қосымша құрылыстар салу (10.01.2007 жылғы N 9-02/07 мемлекеттік сараптамасы); "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына өртке қарсы шаралар үшін эксплуатациялық ұңғымалар бұрғылау | | Орман және аңшылық шаруашы- | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (24.05.2005 жылғы N 22-163/05 мемлекеттік сараптамасы). Қазақ мемлекеттік республикалық орман тұқымы мекемесінің Көкшетау аймақтық орман тұқымы станциясының зертханалық корпусын қайта жаңартуға арналған жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу. | | лығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне екі пәтерлі кордондар - 4 бірлік, Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне кордондар - 6 бірлік, Қаратау мемлекеттік табиғи қорығына кордондар - 3 бірлік, Қаратау мемлекеттік табиғи қорығына өндірістік база - 1 бірлік, Алакөл мемлекеттік табиғи қорығына гараж - 1 бірлік, Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығына гараждық бокстар - 5 бірлік және қосымша құрылыстар - 6 бірлік салынатын болады, "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына өртке қарсы шаралар үшін эксплуатациялық ұңғымалар бұрғыланатын болады - 11 бірлік. Қазақ мемлекеттік республикалық орман тұқымы мекемесінің Көкшетау аймақтық орман тұқымы бекетінің лабораториялық корпусын қайта жаңғыртуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленетін болады.

Түпкілікті нәтиже: мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау және қалпына келтіру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2009 жылда күтіледі.

Уақыттылығы: жұмыстар кестесінің жоспарына сәйкес.

Сапасы: генетикалық резервтің табиғи эталон, уникум және көнезамандық түрлері ретінде ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие мемлекеттік қорғауға алынған мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтаудың тиімділігі мен сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
109-ҚОСЫМША

**<u>212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы</u> министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"

деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 21698062 мың теңге (жиырма бір миллиард алты жүз тоқсан сегіз миллион алпыс екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 135-бабы ; "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 15-бабы ; "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 10-бабы ; "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 4-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 3, 9 және 11-баптары ; " Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы ; "Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластерін дамытудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 858 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті атқарушы органдары арқылы мемлекеттік қолдауды іске асыру жолымен отандық тауар өндірушілердің өндірген мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің сапасын, бәсекеге қабілеттілігін, өнімділігін, пайдалылығын және тиімділігін көтеру, республиканың суармалы жерлерін сумен қамтамасыз етуді арттыру, суармалы жерлердегі ауыл шаруашылығы өндірісінің пайдалылығын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : тұқым шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өнімділігін және өсімдік шаруашылығында өндірілетін өнімінің сапасын арттыру, бірінші ұрпақты будан мен элиталық тұқымды толық қажеттілікте өсіру үшін қажетті бірегей тұқымды санында және ассортиментте өндіру есебінен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің гендік қорын сақтап қалу;

отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің асыл тұқымды өнімге қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы ауыл шаруашылығы малдарының гендік қорын дамыту және сақтап қалу және мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының тұқымдық базасын қалпына келтіру;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизель отынының, тыңайтқыштардың (органикалықтардан өзге) тұқым улағыштардың және гербицидтердің құнын арзандату;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз ету;

жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуды және өсіруді қамтамасыз ету, отандық қайта өңдеу кәсіпорындарының сапалы шикізатқа қажеттілігін, республиканың тұрғындарын - жаңа және қайта өңделген өніммен қанағаттандыру;

құрама жемнің, құнарлы азықты қоса алғандағы құнын арзандату арқылы мал шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайту және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру;

қазақстандық мақта талшығының сапасына міндетті түрде бума бойынша сараптама жасауды енгізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | | | |
| 2 | | 100 | Облыстық бюджеттерге, Астана | Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен субсидиялау | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | және Алматы қалалары бюджет-теріне тұқым шаруашы-лығын дамытуды қолдауға ағымдағы нысаналы транс-ферттер | арқылы облыстардың бюджеттеріне тұқым шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер, сонымен бірге: жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын отырғызуға және жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің салынған көпжылдық екпелерінің аналықтарының аяқталмаған өндірісіне қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарды (100%) толық өтеу; жеміс дақылдарын және жүзімнің екпелерінің құнын (40% дейін) арзандату; бірегей тұқымдарды өндіруге жұмсалған шығындарды (40%-ға дейін) жартылай өтеу; отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған элиталық тұқымының құнын (40%-ға дейін) арзандату | | шаруашы-лығы министр-лігі, облыс Әкімдері |
| 3 | | 101 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалалары бюджет-теріне асыл тұқымды мал шаруашы-лығын дамытуға ағымдағы нысаналы транс-ферттер | Облыстардың бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялауға берілетін ағымдағы мақсатты трансферттер, оған қоса: сатылатын асыл тұқымды өнімнің (материалдың) соның ішінде: асыл тұқымды төлдердің - 8000-12000 тонна тірідей салмағын; асыл тұқымды жұмыртқаның - 3000-5000 мың данасын; бұқа ұрықтарының - 500-720 мың дозасын жартылай арзандату; мал тұқымын | Наурыз-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | асылдандыру орталығына 20 бас асыл тұқымды бұқа сатып алу мен 100-105 бас малды күтіп ұстау және олардың ұрықтары мен эмбриондарын алу, сақтау, пайдалану жөніндегі шығындарды өтеу; мал тұқымын асылдандыру орталығына 30 бас асыл тұқымды қошқар сатып алу және 140-160 бас қошқарды күтіп ұстау, олардың ұрықтары мен эмбриондарын алу, сақтау, пайдалану жөніндегі шығындарды өтеу; етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылығына 11000-12000 бас асыл тұқымды құсты сатып алу және 21000-23000 бас құсты күтіп ұстау жөніндегі шығындарды өтеу; қостанай тұқымын өсіретін асыл тұқымды зауытта 280-300 асыл тұқымды жылқы өсіру, күтіп ұстау, жаттықтыру, аталық айғырлардың ұрығын алу, сақтау жөніндегі шығындарды өтеу; асылдандыру ісін дамыту үшін сатып алынатын арнайы технологиялық құрал-жабдықтарды сатып алу және құрастыру, арнайы ауыл шаруашылығы және ұйымдастыру техникасының құнын өтеу. | | облыс Әкімдері |
| 4 | | 104 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы | Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тәртіппен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалаларының бюджеттеріне өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығын және сапасын арттыруға, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауар материалдық құндылықтарының құнын арзандатуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | материалдарын және тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандату, өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын көтеру | | министрлігі, облыстардың және Астана қаласының әкімдері |
| 5 | | 105 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауылшаруашылық тауар өндіру- | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау. | Сәуір-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | шілеріне су жеткізіп беру бойынша қызмет құнын субсидия-лауға ағымдағы нысаналы транс-ферттер | | | ресурстары комитеті |
| 6 | | 106 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюд-жеттеріне жеміс-жидек дақыл-дарының және жү-зімнің көп жыл-дық көшеттерін отырғызу және өсіруді қамтама-сыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы транс-ферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте жеміс дақылдарының 2347 гектарға және жүзімнің 988 гектарға көп жылдық екпе ағаштарын егуге және өсіруге жіберген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарын ішінара (40%) өтеу, сонымен қатар 450-550 гектар алаңда көп жылдық екпе ағаштарының бірінші жылғы өсімін өсіруге (қарауға), 650-750 гектар алаңда жүзімге кеткен шығындарды (40%) жартылай өтеу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |
| 7 | | 107 | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен мал шаруашылығының сапасын арттыруда арнайы мамандандырылған өндірістер мен шаруашылықтар сиыр етін, шошқа етін, құс етін және сүт өндіруде | Наурыз-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігі және облыстар-дың, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | пайдаланатын құрама жемнің, сондай-ақ қой етін өндіруде құнарлы жемнің құнын (45% дейін) арзандату. | | Астана және Алматы қалаларының Әкімдері |
| 8 | | 108 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне қазақстандық мақта талшығының сапасын сараптауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттері | 480,0 мың сынама көлемде мақта талшығы сапасын сараптамадан өткізуге ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің жұмсаған шығындарын толық өтеу. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдау:

Тікелей нәтиже: қажетті көлемде элиталық тұқым өндіруді қамтамасыз ету үшін дәнді, дәнді бұршақты, майлы және көкөніс дақылдарының, күріштің, қант қызылшасының, жүгерінің, картоптың, біржылдық және көпжылдық шөптердің, мақтаның 6500-8500 тонна бірегей тұқымдарын өндіруге жұмсалған шығындарды өтеу; жеміс-жидек дақылдарының, жүзімнің көп жылдық екпелерінің аналықтарын 20,0 гектар алқапқа салуды және 19,7 гектар алқапта жеміс-жидек дақылдары мен жүзім аналықтарының аяқталмаған өндірісін ұстауды қолдауды қамтамасыз ету;

54000-58000 тонна дәнді, дәнді бұршақты, майлы және көкөніс дақылдарының,

күріштің, қант қызылшасының, жүгерінің, картоптың, мақтаның, біржылдық және көпжылдық шөптердің элиталық тұқымдарының және 1100000-1300000 дана жеміс дақылдары мен жүзім көшеттерінің құнын арзандату арқылы отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің элиталық және будандық тұқымдарға қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Түпкілікті нәтиже: егістіктердегі жоғарғы репродукциялы тұқымды пайдаланудың үлестік салмағы 87%-ға дейін, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерінің аналықтарын сату алқабы 45 гектарға дейін көбейту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің айналым қаражаты 1134415,0 мың теңгеге көбейеді, арзандатылған тұқымдардың орташа құны: дәнді-дақылдар шамамен 37000 теңгені, картоп - 79000 теңгені және мақта - 60000 теңгені құрайды.

Уақыттылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімде орындау.

Сапасы: себілетін тұқымның сапасын жақсарту: кондициялы тұқымның үлес салмағы 90 % құрайды.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту:

Тікелей нәтиже: сатылатын асыл тұқымды төлдің салмағы: 8000-12000 тонна; асыл тұқымды жұмыртқа - 3000-5000 мың дана; жоғары өнімді бұқалардың ұрығы - 500-700 мың доза;

мал және құс шаруашылығының асыл тұқымдық базасын қалпына келтіру мақсатында 50 бас отандық және шет елдік - селекциядан алынған аталықтар, сондай-ақ шетелдік селекциялық 20 дана эмбриондар мен 16456 доза бұқалардың ұрығы және 11000-12000 бас асыл тұқымды құстар сатып алынады;

мал тұқымын асылдандыру ісі үшін 81 данаға дейін арнайы технологиялық жабдықтар, арнайы ауыл шаруашылығы және ұйымдастыру техникасы сатып алынады;

асыл тұқымды мал шаруашылығының әрбір субъектісіне сатқан асыл тұқымды өнімі (материалы) үшін орташа есеппен 3775 мың теңгеден астам қаржылай көмек көрсетіледі.

Түпкілікті нәтиже: отандық тауар өндірушілерге сатылатын асыл тұқымды төлдердің есебінен жыл сайын 30-35 асыл тұқымдық шаруашылықтар қалыптасады;

сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыру бекеттерін қалпына келтіру және жаңадан салу есебінен олардың саны көбейеді, бұл қолдан ұрықтандырылған аналықтардың санын 280 мың басқа жеткізуге мүмкіндік береді, ауыл шаруашылығы құрылымдардағы өнімділігі сүтті және сүтті-етті бағыттағы сиырларды қолдан ұрықтандыру әдісімен қамту 100%-ға жетеді;

қолдан ұрықтандыру үшін жоғары классты аталық бұқалардың ұрығын пайдалану малдың өнімділігін 5-6 %-ға арттыруға мүмкіндік береді және тиісінше мал

шаруашылығы өнімінің өндірісі 4-5 %-ға ұлғаяды;
аудандастырылған бағалы тұқымның гендік қорын дамыту және сақтап қалу: болжам бойынша асыл тұқымды мал басының өсуі 10-15% (қойлар 20% жоғары);
етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылық репродукторларға ата-аналық түрпатты 670 мың дана асыл тұқымды жұмыртқа, сонымен қатар құс етінің өндірісі 50%-ға өседі;
құрылып жатқан асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінде 200-250-дей жұмыс орындары ашылады;
келешекте отандық салт мініс жылқының екі тұқымы шығарылады.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: асыл тұқымды мал шаруашылықтарының қаржылай-экономикалық жағдайлары жоғарылайды, сатқан ірі қара мал, жылқы, түйенің әр басынан 15-18 мың теңге, қойдан - 3,5-5 мың теңге, шошқадан - 5-6 мың теңге табыс түседі.
Уақыттылығы: берілген бағдарламада көзделген іс-шаралар көрсетілген мерзімде орындалады.
Сапасы: ауыл шаруашылығы малдарының өнімдік және тұқымдық сапалары жоғарылайды, асыл тұқымды малдың жалпы мал санынан үлесі 10% болады, бірінші және элита классты асыл тұқымды малдың үлесі 30%-тен жоғары болады. Қазіргі уақытта республикада кейбір асыл тұқымды шаруашылықтарда малдың сүт өнімділігінің деңгейі 6000 килограмнан асып, еуропа елдерінің деңгейіне жетті. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай және басқа да тауарлы-материалдық құндылықтардың бағасын арзандатуға, өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын жақсартуға арналған ағымдағы нысаналы трансферттер .
Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің 15,0-15,9 миллион гектар алаңда басымды дақылдар бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын, тыңайтқыштарды (органикалықтардан өзге), тұқым улағыштарды және гербицидтерді сатып алу бағасын төмендету:
Түпкілікті нәтиже: ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін, азық-түлік қауіпсіздігін және өндірістің агротехнологиялық айналымын қамтамасыз ету;
республиканың экспорттық әлеуетін және ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын, тыңайтқыштарды (органикалықтардан өзге), тұқым улағыштарды және гербицидтерді сатып алу шығынын өтеу орта есеппен 11-12,4% құрайды.
Уақыттылығы: бағдарламада көрсетілген іс-шараларды белгіленген мерзімде

орындау.

Сапасы: тұқым улағыштарды, тыңайтқыштарды гербицидтерді қолдану нәтижесінде өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру, сонымен қатар көктемгі - дала және күзгі егін жинау жұмыстарының уақтылы өтуін қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау:

Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 8545,4 миллион текше метрге дейін суармалы су беру жөніндегі қызметтердің құнын арзандату.

Түпкілікті нәтиже: суармалы жерлердің тиімділігін және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: суармалы судың бір текше метрінің нақты құны ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесіне сәйкес анықталады.

Уақыттылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімдерде орындау.

Сапасы: суарылатын жерді сумен қамтамасыз етудегі үлесі 90% кем болмауы.

Жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын егуді және өсіруді қамтамасыз ету:

Тікелей нәтиже: жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын тиісінше 2 347 гектарға дейінгі және 988 гектарға дейінгі алқапқа отырғызу және өсіру, сонымен қатар бірінші жылғы көпжылдық екпелерді өсіру (күту) жеміс дақылдары 450-550 гектар алаңда және жүзім 650-750 гектар алаңда.

Түпкілікті нәтиже: жеміс шаруашылығының және жүзім шаруашылығының дамуын қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жеміс дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын егуге жұмсалатын шығындарды 40 % дейін субсидиялау 1 гектарға кететін шығындарды тиісінше 272,5 мың теңге және 364,0 мың теңгеге, жеміс дақылдары мен жүзімнің бірінші жылғы көпжылдық екпелерден күту құнын тиісінше 96,1 мың теңгеге және 198,2 мың теңгеге төмендетуге мүмкіндік береді.

Уақыттылығы: осы бағдарламада көрсетілген іс-шараларды белгіленген мерзімдерде орындау.

Сапасы: республика тұрғындарын жеміс шаруашылығының және жүзім шаруашылығының сапалы өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ отандық жеміс дақылдары мен жүзімнің қайта өңдеу өнімдерінің құрамы мен ассортиментін арттыру арқылы олардың бәсеке қабілеттілігін жақсарту.

Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын көтеруді субсидиялау:

Тікелей нәтиже: 280,0-300,0 мың тонна көлемде құрама жемнің, құнарлы жемді қоса алғандағы құнын субсидиялау; теңестірілген азықтандыру шегі арқылы ауыл

шаруашылық малдары мен құстарының өнімділігі мен өнімнің сапасын арттыру;
мал шаруашылығы өнімінің импорттық үлесін төмендету (сиыр еті, шошқа еті, құс еті және сүт);
ішкі рынокты жоғары сапалы отандық өндірістен өндірілген сиыр етімен, шошқа етімен, қой етімен, құс етімен және сүт өнімдерімен толықтырылуы.
Түпкілікті нәтиже: отандық ірі мамандандырылған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірісін сиыр етін - 17,5 мың тоннаға дейін, шошқа етін - 20,6 мың тонна, қой етін - 6,4 тонна, құс етін - 72,6 мың тоннаға дейін ұлғайту.
Ауыл шаруашылығы малдарының өнімділігін арттыру: ірі қара мал (сүтті бағыттағы 3-5 %, етті бағыттағы 10 %), шошқа 15 %, қой 4 %, құстар 20 %) азықтандыру жағдайының, күтіп бағу және ұстауды жақсартуына байланысты.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: құрама жемнің, құнарлы жемді қоса алғандағы құнын уақтылы арзандатуды жүргізу нәтижесінде сиыр етінің, шошқа етінің, қой етінің, құс етінің және сүт өнімінің отандық өндірісі ұлғаяды, ішкі рынокта өнімнің импорттық үлесі азаяды, ауыл шаруашылығы өнімділігі өседі.
Уақыттылығы: осы кіші бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар белгіленген уақытта орындалады.
Сапасы: малды және құсты бордақылау және күтіп бағу, азықтандыру жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету, сапалылығын арттыру салдарынан ішкі рынокта отандық еттің бәсекеге қабілеттілігі арта түседі.
Тұтынушы жоғарғы сапалы сиыр етін, шошқа етін, қой етін, құс етін және сүт өнімдерін сатып ала алады.
Қазақстанның мақта талшығының сапасын сараптамадан өткізуге:
Тікелей нәтиже: республикада өндірілетін мақта талшығының сапасын 480,0 мың сынамаға дейінгі көлемде объективті түрде бума бойынша сараптама жасауды қамтамасыз ету.
Түпкілікті нәтиже:
мақта талшығын тиімді кешенді түрде талдау;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүдделерін қорғау, олардың табыстарын өсіру;
өсірілген мақтаға одан әрі экспортқа шығару үшін оңтайлы баға;
"әділетті" бағаны белгілеу есебінен мақта саласының табысын және бюджетке салықтық түсімдерді арттыру;
қазақстандық тоқыма өндірісінің беделін арттыру және тоқыма өнімдерін әлемдік нарыққа шығару;
мақтаның шынайы сапасы туралы нақты ақпарат;
бүкіл әлем бойынша өлшемнің сәйкестілігіне, дәлдігіне және тұрақтылығына кепіл беретін мақта талшығының сапасын бағалау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің табысын 5 %-ға дейін арттыру;
мақта талшығын экспортқа шығарған жағдайда ысырапты 7,0-8,4 миллион АҚШ долларына азайту.

Уақыттылығы: осы бағдарламамен көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімдерде орындау.

Сапасы: мақта талшығының сапасын сараптамадан өткізу бойынша халықаралық талаптарға сәйкес қызметтер көрсету;

қазақстандық мақта талшығын кешенді, объективті және тәуелсіз талдауды қамтамасыз ету;

қажетті сапа көрсеткіштерімен талшық бумасын дәл таңдап алу есебінен тоқыма фабрикалары өндіретін тауарлардың сапасын арттыру;

көрсетілген бағдарламаға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шектеусіз қатысуы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
110-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1761364 мың теңге (бір миллиард жеті жүз алпыс бір миллион үш жүз алпыс төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 135-бабы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жеткілікті көлемде, сапалы ауыз суына тұрғындардың қолын жеткізуді қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын, аса маңызды сумен жабдықтау топтық жүйелерінен ауыз су беруде көрсетілген қызметтердің құнын арзандату.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте Көкшетау өнеркәсіптік су құбыры, Нұра, Белағаш, Орда, Каменск, Сырым, Шыңғырлау, Булаев, Есіл, Сергеев, Соколов, Преснов, Бозой, Арыс, Шәуілдір, Сарыағаш, Жиделі, Октябрь, Арал-Сарыбұлақ, Қазба-Ақшымырау-Қызан, Жетеш-Тұщыбұлақ-Шебір, Бесқұдық-Бекін, Ақжігіт-Майлин, Атырау-Мақат Индер-Миялы, Миялы-Жангелді-Жасқайрат, Құлсары-Тұрғызба-Шоқпартоғай-Ақкигізтоғай, Қоянды, Ұзынкөл, Лихачев, Есіл, Владыкинский, Железнодорожный, Смирнов топтық су құбырлары бойынша және Қаныш Сәтпаев атындағы канал бойынша ауыз су беру жөніндегі көрсетілген қызметтердің құнын субсидиялаудың дифференцияланған мөлшері бойынша арзандату. | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: субсидиялаудың дифференцияланған мөлшерлері бойынша саны жағынан 355 және 40 126,25 мың текше метр көлемдегі елді мекенді қамти отырып, ауыз суды үздіксіз беру.

Түпкілікті нәтиже: Ақмола, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ауыл және қала тұрғындарын қажетті көлемде сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету (қолайлы баға бойынша).

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыз судың бір текше метрінің нақты құны төмендейді, 2008 жылдың орташа арзандатылған тарифі орта есеппен 43,89 теңге/м3 құрайды.

Уақыттылығы: ауыз су беруде қызметтердің құнын су беру кестесіне сәйкес субсидиялау.

Сапасы: Қазақстан Республикасының 12 облысының тұрғындары үшін ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын арзандату, республикалық топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз сумен қамтамасыз етілу пайызы 4,33 % құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
111-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Ветеринарлық зертханалар объектілерін дамыту" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1999006 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз тоқсан тоғыз миллион алты мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 8, 10, 11, 12, 20, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 35-баптары ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомствалық бағынысты жекелеген ұйымдардың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ; "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін

тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республиканың ветеринариялық зертханаларын, ғимараттарын және қосалқы бөлмелерін және олардың материалдық-техникалық жабдықталу жағдайын халықаралық нормалар талаптарына, стандарттарына және Дүниежүзілік сауда ұйымының ұсыныстарына сәйкес келтіру. Диагноз қою, алдын алу және жою шараларын жүргізу арқылы, құстар, жануарлар және адамдарға ортақ аурудан барлық жануарлар әлемін және Қазақстан азаматтарын қорғау .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ветеринариялық лабораториялар мен объектілерді салу, қайта жаңғырту, ветеринариялық лабораторияларды материалды-техникалық жарақтандыру және білікті мамандарды даярлау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Ветеринарлық зертханалар объектілерін дамыту | Белгіленген заңнама тәртібінде бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес инвестициялық жобаларды іске асыру: Ауыл шаруашылығы министрлігі "Республикалық ветеринариялық зертхана" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына арналған бір тұрпаттағы модульдік облыстық және/немесе аудандық ветеринариялық | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | зертханаларды виварийімен салу. | | инспекция комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жануарларына арналған виварийімен бір тұрпаттағы модульді облыстық және/немесе аудандық ветеринариялық зертханалардың құрылысы.

Түпкілікті нәтиже: 2009 жылдың соңына дейін ветеринариялық зертханалар объектілерін салуды аяқтау (11 тұрпатты модульді облыстық және 115 бірдей тұрпаттағы модульді аудандық ветеринариялық зертханаларды жануарларға арналған виварийімен), халықаралық стандарттарға сәйкес микроорганизмдер дақылдары үшін биоқойма құрылысы, ғимараттарды және қосалқы бөлмелерді қайта жаңарту, лабораториялық жабдықтармен материалдық-техникалық жабдықтау, ветеринариялық зертхана мамандарын жоғарғы технологиялық зертханалық жабдықтармен жұмыс істеуге оқыту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2009 жылда күтіледі.

Уақыттылығы: жұмыстар кестесінің жоспарына сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 112-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-фаза)" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 38801 мың теңге (отыз сегіз миллион сегіз жүз бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең) жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 195 Жарлығы ; "Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 915 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" жобасының 2-кезеңінің техникалық-экономикалық негіздемесін алу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жобаны әлеуметтік бағалауды жүргізу, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу үшін жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-фаза) | | | |
| 2 | | 006 | Респу-бликалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржы-ландыру есебінен | Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" жобасының 2-кезеңінің техникалық-экономика-лық негіздемесін әзірлеуге келісім-шарттар құнының бір бөлігін төлеу. Операциялық шығындарды қоса 2 адамнан тұратын жобаны басқару бойынша жергілікті консультанттардың қызметін төлеу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |
| 3 | | 018 | Грант есебінен | "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" жобасының 2-кезеңінің техникалық-экономика- | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лық негіздемесін әзірлеуге келісім-шарттар құнының бір бөлігін төлеу. | | лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: бір техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу.

Түпкілікті нәтиже: "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" кең ауқымды жобасының 2-кезеңінің техникалық-экономикалық негіздемесін алу (жобаның соңында).

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Арал өңіріндегі 600 мың адамның тұрмысын жақсартуға бір техникалық-экономикалық негіздемесін алу.

Уақыттылығы: жұмысты 100 пайыз орындау.

Сапасы: техникалық-экономикалық негіздемеге оң қорытынды алу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
113-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 449759 мың теңге (төрт жүз қырық тоғыз миллион жеті жүз елу тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 3-бабы ; "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 4-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Селекциялық жетістіктерді сынау және қорғау" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 ақпандағы N 204 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру

жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикамыздың ауыл шаруашылығы өндірісіне ауыл шаруашылығы өсімдіктердің отандық және шетел селекциясының жаңа жоғары өнімді сорттарын енгізу. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егіске Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымын пайдалануы.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : өнімді және сапасы жөнінен бағалы сорттарды анықтау, селекциялық жетістіктің патенттік қабілеті мен шаруашылықтық пайдалылығы шарттарына сәйкестігі туралы қорытынды беру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Ауыл шаруашы-лығы дақылда-рының сорттарын сынақтан өткізу | Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік тізбесіне табылған сапасы жағынан өнімді сорттарды енгізу мақсатымен 6550-ге дейін сорт сынау өткізумен 115 ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша сапасы бойынша бағалы және өнімді сорттарды анықтау үшін 16000 гектар алқапта агротехникалық іс-шараларды кешенді өткізу арқылы ауыл шаруашылығы | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіптік кешендегі мемлекет-тік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дақылдарының патенттік қабілеті мен шаруашылық пайдалылығына мемлекеттік сорт сынауды жүргізу үшін штат саны 37 адамнан тұратын "Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия" мемлекеттік мекемесін, штат саны 212 адамнан тұратын ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу жөніндегі 12 облыстық және 3 өңірлік инспектураларды ұстау. Барлық агротехникалық жұмыстарды толық көлемде орындау үшін селекциялық комбайндарды, тіркемелі құралдарды және басқада жабдықтарды сатып алу. Отандық және шетел селекциялы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің жаңа жоғары өнімді сорттарын табу әдістерін жетілдіру және ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне зертханалық талдаулар өткізу деңгейін көтеру мақсатында сыналатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттарының сапасын бағалау жөніндегі зертханаларды жарақтау. | | инспекция комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізбесіне ең өнімді және сапалы сорттарды енгізу мақсатымен 115 ауыл шаруашылық дақылдары бойынша барлығы 890 сорт сынақтан өтеді; ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі аймақтық және облыстық

инспектуралар мен Мемлекеттік комиссия мемлекеттік мекемесін жарақтау: селекциялық комбайн (Винтерштайгер) - 5 дана, тіркеме құралдары: сепкіш СТС-2 - 5 бірлік, қопсытқыш КРНВ-4,2 - 3 бірлік, арба 2ПТС-4 - 4 бірлік, компьютерлер - 2 дана, көшірме аппараты - 2 бірлік, зертханалық жиһаз - 17 дана, өлшейтін құралдар - 2 дана, сапаны анықтайтын құрал - 29 дана, тазалайтын құралдар - 3 дана, кептіретін құралдар - 2 дана, диірмен - 4 дана, автокөлік ГАЗ - 1 дана.

Түпкілікті нәтиже: ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау нәтижелері бойынша 50 сортқа дейін өндіріске жіберіліп, республика облыстарында аудандастырылады.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыл шаруашылығы дақылдарының 1 сорт тәжірибеге жұмсалатын жалпы шығындар 17400 теңгені құрайды.

Уақыттылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.

Сапасы: Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізбесіне енгізілген ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын пайдаланудың үлес салмағы кемінде 85% құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
114-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау"
деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 75968 мың теңге (жетпіс бес миллион тоғыз жүз алпыс сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылдағы 14 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар

бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : фермерлердің, ауылдық шағын және орта кәсіпорындардың, қаржылық қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық қаржылық кеңесшілік қызметке қол жеткізетін ауылдық аудандар тұрғындарының пайызын ұлғайту, ауылдық аудандардағы азаматтардың барлығын сапалы ауыл шаруашылығы саласындағы консультациямен қамтамасыз ету; лизингтік компаниялар мен екінші деңгейлі банктерде оқытылған кредиттік офицерлердің пайызын барынша ұлғайту; ауылдық қаржылық консультациялық қызмет жүйесін дамыту; коммерциялық банктер мен лизингтік компаниялардың ұзақ мерзімді ауыл шаруашылығы инвестицияларын бағалау жөніндегі функционалдық мүмкіндіктерін нығайту; микроқаржылық ұйымдарды институционалды дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Ауыл шаруашы-лығын жекеше-лендіру-ден кейінгі қолдау | | | |
| 2 | | 016 | Респу-бликалық бюджеттен сыртқы қарыз-дарды бірлесіп қаржы-ландыру есебінен | Ауылдық қаржылық қызмет жүйесін құру компоненті бойынша техникалық көмек беру, облыстық және аудандық деңгейдегі консультанттарды оқыту үшін консалтингтік компаниясының, 3 ұлттық консультанттар-дың консультациялық қызмет көрсетуіне арналған шығыстар; Ауылдық инвестициялық жобаларды кредиттеу | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы ауыл шаруашы-лығы министр-лігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мәселелері бойынша 2-ші деңгейдегі банктердің облыстық және аудандық бөлімшелерінің кредит-тік қызметшілерін оқыту үшін консалтингтік компанияның және 2 халықаралық консультанттың консультациялық қызмет көрсетуіне арналған шығыстар.<br>Шағын қаржыландыру компоненті: шеңбері аясында іріктеп алынатын шағын қаржылық ұйымдардың функционалдық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында 2 халықаралық консультанттың қызметтеріне;<br>жаңа өнімдерді дамытуға халықаралық консультанттың қызметтеріне;<br>банктермен байланысты дамытуға 1 халықаралық консультанттың қызметтеріне;<br>Қазақстан Шағын Қаражаттық Ұйымдар Қауымдастығының консультациялық қызметтерін сатып алуға.<br>Жобаны іске асыру тобының 5 жергілікті адамнан тұратын консультанттарының қызмет көрсетулеріне қоса операциялық шығыстарын төлеу (5 консультанттың жалақысы, әлеуметтік салық, кеңсе тауарларын сатып алу, байланыс, электрондық почта қызметтеріне ақы төлеу, интернет, көлікті жалға алу, Астана қаласында үй-жайларды жалға алу, ұйымдастыру техникаларын ұстап тұру және техникалық қызмет көрсету, іссапар шығындары). | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Кредиттік желілерге қызмет көрсету бойынша банк қызметтеріне төлеу. Тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетуді сатып алу жөнінде конкурстар өткізу туралы хабарландыру-ларға ақы төлеу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: 1000 -нан астам фермерлерді жергілікті консультанттардың ауылдық жерде бизнес жасау мәселесі, қаржылық өнім, салық және құқық мәселелеріне оқытуы; консалтингтік компания мен халықаралық жеке консультанттар оқытқан жобаға қатысушы банктер мен лизингтік компаниялардың кредит беру бөлімдерінің 280 қызметкері, филиалдардың басшыларын; жобаға қатысушы шағын қаржылық ұйымдардың функционалдық мүмкіндіктерін дамыту, ауылдағы шағын қаржыландыру жүйесіне жаңа өнімдер әзірлеу, шағын қаржылық ұйымдардың коммерциялық банктермен агенттік қатынастарын орнату.

Түпкілікті нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, ауылдық жердегі бизнес өкілдерінің бизнес-жоспар жасау, кредиттік құжаттарды рәсімдеу бойынша мүмкіндіктері ұлғаяды; шағын қаржылық ұйымдардың әлеуеті ұлғаяды, банктердің аграрлық секторға сенімділігі молайып, ауыл бизнесіне несие ресурстарының келуі артады.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: қысқа мерзімді отандық консультанттың 1 адам - ай қызмет көрсетуі 256,0 мың теңгеден аспайды, халықаралық консультанттың 1 адам - ай қызмет көрсетуі 3648,0 мың теңгеден аспайды.

Уақыттылығы: бағдарлама бойынша іс-шаралар осы бағдарлама паспортында көзделген мерзімдерде орындалады.

Сапасы: ауылдық қаржылық консультациялық қызметпен қанағаттанған фермерлердің санын арттыру, микроқаржылық ұйымдардың және екінші деңгейдегі банктердің ауылдағы қызмет көрсету сапасы жақсарады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
115-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 19158848 мың теңге (он тоғыз миллиард бір жүз елу сегіз миллион сегіз жүз қырық сегіз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** ауылдық елді мекендерді, қалалар мен кіші қалаларды қажетті көлемде және сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық елді мекендерді, қалалар мен кіші қалаларды қажетті көлемде және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін | "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес, тізбе бойынша және сомалар шегінде ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресур- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | нысаналы даму транс- ферттері | және қайта жаңғыртуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен облыс бюджеттеріне, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін трансферттер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына сәйкес бекітілген, мемлекеттік сараптамадан өткен, бекітілген жобалық-сметалық құжаттамалар-ға сәйкес іс-шараларға 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" бағдарламасы шеңберінде 2 892 256 теңге, Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 16 266 592 теңге. | | стары комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: ауыз сумен жабдықтау объектілерін қайта жаңғырту және салу бойынша жұмыс көлемінің орындалуы.

Түпкі нәтиже: Қазақстан халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ауыз сумен жабдықтау объектілерін пайдалануға енгізу.

Уақтылығы: жасалынған шарттар бойынша жұмыс жоспары-кестесіне сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
116-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7849741 мың теңге (жеті миллиард сегіз жүз қырық тоғыз миллион жеті жүз қырық бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 8 , 11, 12, 20, 24, 26, 27 , 28, 29, 30, 31, 32, 35-баптары ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 9 , 13-баптары ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдардың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1431 қаулысы ; " Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан азаматтарын және жануарлар әлемін адамдар, жануарлар және құстар үшін ортақ аурулардан диагностика жасау, алдын алу және жою іс-шараларын жүргізу арқылы қорғау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикада жануарлар мен құстардың жұқпалы ауруларының таралуына жол бермеу; ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллез және/немесе туберкулезінен қолайсыз пункттерді сауықтыру; жануарлар мен құстардың тез тарайтын жұқпалы ауруларының ошақтарын оқшаулау және жою; шекаралас мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына жануарлар мен құстардың тез тарайтын жұқпалы аурулары енуіне тосқауыл қою; уақтылы диагноз қою .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ- дар- | Кіші бағ- | Бағдар- ламаның | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | лама коды | дар-лама коды | (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Эпизо-отиялық салауат-тылықты қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Ветери-нариядағы монито-ринг, референ-ция, зертха-налық диагнос-тика және әдіснама ұлттық орталығы | Мына жұмыстарды орындау мақсатында штат саны 84 адамдық мемлекеттік мекеме ұстау: жануарлардың ауруларына диагноз қоюды әдістемелік қамтамасыз ету; жабайы фаунаның эпизоотиялық мониторингін жүргізу; жануарлардың ауруларына диагноз қою кезіндегі референттік функция (даулы жағдайларда немесе басқа зертханаларда диагноз қою қиын болған кезде түпкілікті диагноз қою); ветеринарияда пайдаланатын микроорганизмдердің депондалған штаммдарының ұлттық коллекциясын жүргізу; малдардың организмдеріндегі малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттардағы өте улы немесе радиоактивті заттарды анықтау; малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттардың, жемдердің, жем қоспаларының, ветеринариялық препараттарды | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіптік кешендегі мемлекет-тік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | импорттау, экспорттау және транзиттеу кезіндегі ветеринариялық-санитариялық сараптамадағы даулы жағдайларда зертханалық зерттеулер; жұмысшылардың біліктілігін көтеру жөніндегі алыс және жақын шет елдердің және халықаралық референттік орталықтардың ғылыми зерттеу мекемелерінің қызметін пайдалану; Ұйымдастыру техникасы мен лабораториялық жабдықтар сатып алу. Құбыр жүйесін күрделі жөндеуден өткізу. | | инспекция комитеті |
| 3 | | 101 | Жануарлар аурула-рының диагнос-тикасы | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құстардың аурулары бойынша 16-26 миллион диагностикалық зерттеу жүргізу жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеу, оның ішінде серологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық зерттеулер. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіптік кешендегі мемлекет-тік инспекция комитеті |
| 4 | | 102 | Эпизо-отияға қарсы шаралар | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құрылыстардың ауруларына қарсы эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету: жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларының алдын | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіптік кешендегі мемлекет-тік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | алуға және ветеринариялық препараттардың республикалық қорын толтыру үшін ветеринариялық препараттардың 110,0-160,0 миллион дозасын сатып алу; сатып алған препараттарды соның ішінде республикалық ветеринариялық препараттар қорын белгіленген орнына дейін жеткізу; ветеринариялық препараттарды қолданғанға дейін сақтау; ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтау; ветеринариялық препараттарды жергілікті жерлерде қолдану, оған қоса: серологиялық зерттеу үшін қанның сынамаларын алу және жеткізу - 16-26 миллион сынама; 90,0-130,0 миллион ветеринариялық препараттардың дозасын жануарларға егу. | | инспекция комитеті |
| 5 | | 103 | Жануарлар мен құс-тардың қауіпті жұқпалы аурула-рының ошақта-рын жою | Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құстардың қауіпті жұқпалы және созылмалы ауруы шығады деп күтілген табиғи ошақтарын оқшаулау және жою бойынша 100% іс-шараларды ұйымдастыруға кіретіндері: ветеринариялық препараттар мен дезинфекциялық құралдарды жеткізу; | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіптік кешендегі мемлекет-тік инспекция комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өлген малдар мен құстардың өлекселерін өртеп жіберу арқылы жою; ауру жануарларды қайта өңдеу кәсіпорындарына өткізу; алынып қойылған, жойылған малдың, азықтың, азық қоспаларының және ветеринариялық препараттардың құнын өтеу; эпизоотологиялық ошақта және қатерлі аймақта малдар мен құстарды мәжбүрлеп егу; ауру малдар мен құстар ұсталған жайларды дезинфекциялау; зертханалық зерттеу үшін паталогиялық материалды немесе қанның сынамаларын алу және жеткізу; созылмалы ауруларға бақылаулық зерттеу жүргізу (екі реттік кері нәтиже алғанға дейін жануарларды зерттеу); карантин кезінде карантиндік бекеттер, дезинфекциялық кедергілер орнату және оларда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыру. Шекаралас мемлекеттерде жануарлар мен құстардың аса қауіпті инфекциялық аурулары шыққан кезде республикаға инфекцияны енуіне жол бермеу жөнінде шекаралық карантиндік уақытша бекет ұйымдастыру жүзеге асырылады, онда мыналар қамтылады: дезинфекциялық заттарды республикалық қордан осы бекеттерге дейін жеткізу; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көлік құралдарын дезинфекциялау үшін дезинфекциялық уақытша кедергілер орнату немесе бар дезинфекциялық кедергілерді жөндеу және оларда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыру жұмыстары шекаралас мемлекеттерде эпизоотиялық қалыпты жағдай қалыптасқанынша ұйымдастырылады. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: мал мен құс аурулары диагностикасының қолданыстағы әдістерін жетілдіру; " Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдістеме ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесін: лабораториялық құралдармен: жануарлар үшін изоляторлар - ұсақ (ауру жұқтырған жануарларға) арналған ауа алмастыратыны бар шкаф - 2 бірлік, жуатын машина - жалпы зертханалық ыдыстарды жуу үшін қондырмалар жинақтары бар - 1 жинақ, фармацевтикалық мұздатқыш - қалыпты температурасы + 2 градус С төмен емес шамасын ұстайтын - 1 бірлік, құрғатып, қыздыратын шкаф - температурасы 300 градус С дейін, жұмыстық камерасының көлемі 110 литрден төмен емес - 1 бірлік, зертханалық шайқағыштардың жинақтары: микро түтікшелер үшін вортекс; 10 миллилитрден кем емес көлемдегі түтікшелер үшін вортекс; қыздыратыны бар, магнитті шайқағыш; жай магнитті шайқағыш; колбаға арналған шейкер; 96 ұяшықты планшета үшін шейкер - 2 жиынтық, су моншасы - қалыпты температурасы 100 градус С дейін, көлемі 20-дан кем емес - 1 бірлік, принтері бар компьютер - 4 бірлік; сынаманы талдамаға дайындайтын жүйе (белок/азот, ауыр металдар) - 1 бірлік, ПТР талдау үшін плашектарды шамалы уақыт ішінде мықтап жабатын қондырғы жинақтары, шығын материалдарымен - 2 жиынтық, құрал жабдықтарымен проектор - 2 дана; лабораториялық жануарлармен қамтамасыз ету. Мал өнімдерінің қауіпсіздігін анықтау бойынша зертханалық зерттеулер жүргізу үшін мамандарды соңғы сынақ әдістеріне үйрету. Жануарлар мен құстардың ауруларын диагноз қою бойынша 16-26 миллион зерттеулер, 90,0-130,0 миллион бас жануарлар мен құстарды иммунизациялау, жануарлар мен құстардың қауіпті жұқпалы және созылмалы ауруларының ошақтарын 100 % жою, Қазақстан Республикасы аумағына жануарлар мен құстардың ауруларының шекаралас мемлекеттерден енуіне жол бермеу.

Түпкілікті нәтиже: лабораториялық диагностиканың мемлекеттік жүйесін халықаралық стандартқа сәйкестендіру; Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, жануарлар әлемі және құстары үшін эпизоотиялық қолайлылықты

қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 диагностикалық зерттеуге орташа шығын - 129,45 теңге, бір алдын алу іс-шарасына - 24,03 теңге, Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар мен құстардың ауруларының ошағын жоюға және жануарлар және құстардың жіті инфекциялық ауруларының таралуының алдын алуға - 827029 мың теңгені құрайды.

Уақыттылығы: аталған бағдарламада қаралған іс-шаралар жоспарын көрсетілген мерзімде орындау.

Сапасы: Қазақстан Республикасында 100 % эпизоотиялық қолайлылыққа қол жеткізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
117-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған

"Азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру қажеттіліктерін қамтамасыз ету" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 12660382 мың теңге (он екі миллиард алты жүз алпыс миллион үш жүз сексен екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 3 , 4 , 6 , 9 , 10, 11, 12 -баптары ; "Агроөнеркәсіп кешені және ауылдық аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 3 , 9 , 12-баптары ; "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы ; "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 41 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігін және жұмылдыру қажеттіліктерін қамтамасыз ету, ішкі астық нарығын реттеу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің*

*2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік азық-түліктік астық резервін дер уақытында жаңарту және ішкі астық нарығын реттеу, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау үшін астық сатып алу, мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтау және орнын ауыстыру.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Азық-түлік қауіп-сіздігін және жұмылдыру қажетті-ліктерін қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Мемле-кеттік ресурс-тарға астықты сатып алу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту және ішкі астық нарығын реттеу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауа-рын өндірушілерден 517 мың тоннаға дейінгі көлемде астық сатып алу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіп кешені саласын-дағы мемле-кеттік инспекция комитеті |
| 3 | | 101 | Азық-түлік астығы мемлекет-тік резерві-нің | 500 мың тоннаға дейінгі көлемдегі мемлекеттік азық-түліктік астық резервін лицензиялан-ған астық қабылдау кәсіпорындарында | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | астығын сақтау және ауыстыру | сақтау, сондай-ақ 17 мың тоннаға дейінгі көлемдегі мемлекеттік азық-түліктік резерві астығының орнын ауыстыру. | | лігінің Агроөнер-кәсіп кешені саласын-дағы мемле-кеттік инспекция комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: мемлекеттік ресурстарға сатып алынған астық көлемі 517 мың тоннаға дейін;

республиканың астық қабылдау кәсіпорындарында сақтаудағы мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің көлемі 500 мың тонна;

жеке меншік астық қабылдау кәсіпорындарынан мемлекеттік астық базаларына орны ауыстырылған мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің көлемі 17 мың тоннаға дейін.

Түпкілікті нәтиже:

есеп беру кезеңінің соңына мемлекеттік азық-түліктік астық резервіне орналастырылған ағымдағы жылғы егін астығының көлемі 30 % шамасында (ғылыми негізделген нормалар бойынша 30% кем емес);

астық резервінің үлесі республика тұрғындарын азық-түліктік қамтамасыз етудің жылдық қажеттілігінің шамамен 16,0-17,0%;

ішкі астық нарығын реттеу үшін мемлекеттік сатылатын астық ресурстарының көлемі 517 мың тонна шамасында болуы;

астықты мемлекеттік сатып алуға қатысушы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің саны 1 500 бірліктен кем емес.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын 3 сыныпты жұмсақ бидайдың 1 тоннасының орташа бағасы 30,4 мың теңге;

мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын 1 тонна астықтың сақтау құны 130-140 теңге;

мемлекеттік астық ресурстарының 1 тоннасының орнын ауыстыру құны 1200-1300 теңге.

Уақыттылығы: белгіленген мерзімде мемлекеттік ресурсқа астық сатып алу, мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің астығын сақтау және орнын ауыстыру.

Сапасы: жоғарғы сапалы астықты 100% сатып алу, мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің астығын 100%-дық сандық-сапалық сақтау және мемлекеттік резервке сатып

алынған астықтың 3,5% дейінгі көлемінің орнын ауыстыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
118-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығы өндірісін агрохимиялық және агроклиматтық қамтамасыз ету" деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 161983 мың теңге (бір жүз алпыс бір миллион тоғыз жүз сексен үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 159-бабы ; "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 10-бабы ; " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 6-бабы ; " Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемені құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қаңтардағы N 83 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : дала жұмыстарын бастауды, ауыл шаруашылығы дақылдарын себу, жинау мерзімдері мен көлемдерін жоспарлау үшін Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін сапалы агрометеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету; өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігін, жалпы өнімі мен сапасын арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : топырақ ылғалдылығының жай-күйіне, дала жұмыстарының басталуы алдында топырақ ылғалдылығы қорларын, тұқым себу

мерзімдерін, дәнді дақылдарды жинаудың агрометеожағдайларын бағалау және болжау , агрометеорологиялық көрсеткіштерді былтырғы жылғымен салыстырғанда, танаптарда қардың қалың жиналу жағдайын және басқаларды талдау метеопараметрлеріне 100% бақылау жүргізу; жаздық дәнді дақылдар егістігінің жағдайына ғарыштық мониторинг жүргізу және ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін бағалау, топырақтың құнарлылығын сақтау және көтеру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Ауыл шаруашы-лығы өндірісін агро-химиялық және агрокли-маттық қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Ауыл шаруашы-лық өндірісін агроме-теороло-гиялық қамтама-сыз ету | Ауыл шаруашылығы өндірісін мынадай ақпаратпен қамтамасыз ету үшін агрометеорологиялық мониторинг жүргізу: онкүндік агрометеорологиялық бюллетень; онкүндік ішіндегі топырақтағы пайдалы ылғал қорларының қосылып отыру қорытындысы; жаздық дәнді дақылдардың онкүндік ішіндегі жай-күйі (даму кезеңі басталған күн, биіктігі, қалыңдығы, жай-күйін бағалау) және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен дамуына агрометеорологиялық жағдайлардың әсер | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіп кешені саласын-дағы мемле-кеттік инспекция комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | етуі; дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың облыстағы орташа өнімділігі мен жалпы өнімін болжау, көктемгі-егіс жұмыстары басталуы алдына топырақтағы ылғал қорларын болжау; тұқым себудің оңтайлы мерзімдерін болжау; күздік дақылдардың қыстап шығуын болжау; бидайдың пісу мерзімдерін болжау; қар жиналу жағдайы туралы кеңес; дәнді дақылдарды жинаудың агрометеорологиялық жағдайларын болжау; күздік дәнді дақылдардың қыс келер алдындағы жағдайын талдау; күздік дәнді дақылдардың өсу жаңаруы кезеңіндегі жағдайын талдау; топырақтың күзде қатып қалуы алдындағы және көктемгі-егіс жұмыстары алдындағы пайдалы ылғалдың нақты қорларын талдау; дәнді дақылдарды жинау жағдайларын талдау; агрометеорологиялық көрсеткіштерді орташа көпжылдық көрсеткіштермен, өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттама; еліміздің аумағы бойынша ауа райы жағдайына байланысты аурулар мен ауыл шаруашылығы зиянкестерінің дамуы жағдайын талдау; станциялар бойынша метеорологиялық кесте; көктемгі егісті өткізудің мерзімі мен шарттары туралы кеңес; қар ерігеннен кейін | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күздік дәнді дақылдардың жай-күйін талдау (бағыттық зерттеулер қорытындысы бойынша); Қазақстан аумағы бойынша маусымға арналған ауа-райы болжамы туралы анықтама; Қазақстанның астықты аймағының 21 ауданы үшін өсу кезеңінің ортасындағы және бүкіл өсу кезеңіндегі жағдай бойынша онкүндік бойынша өсімді нәтижемен сөткелік орташа температура 0 градустан жоғары болған кезеңдегі ауаның белсенді оң температуралары сомаларының кестесі; Қазақстанның астықты аймағының 21 ауданы үшін өсу кезеңінің ортасындағы және бүкіл өсу кезеңіндегі жағдай бойынша онкүндік бойынша өсімді нәтижемен сөткелік орташа температура 5 градустан жоғары болған кезеңдегі ауаның тиімді температуралары сомаларының кестесі. Мына бағыттар бойынша ғарыштық мониторингтің мәліметтерін алу: жаздық дәнді дақылдардың егістік алқаптарының көлемдерін бағалау; дәнді дақылдар егістіктерінің жағдайын айқындау; жаздық дәнді дақылдар егістіктерінің арамшөп басуын бағалау; таза сүрі жерлердің алқаптарын анықтау, жаздық дәнді дақылдардың | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өнімділігін және жалпы өнімін болжау; биылғы жылы өңделген егістіктерді анықтау және күріш егістігі алқаптарының көлемдерін бағалау; күріштің өнімділігін және жалпы өнімін болжау. | | |
| 3 | | 101 | Респу-бликалық ғылыми-әдісте-мелік агрохи-миялық қызмет орталығы | Құрамына топырақтың агрохимиялық көрсеткіштеріне байланысты өңірлер және республика бойынша минералдық тыңайтқыштардың қажеттілігі есебі енетін Қазақстан Республикасының жыртпалы топырағының агрохимиялық жағдайы мониторингін жүргізетін; басқарудың әртүрлі деңгейлері үшін қазіргі заманғы ГИС-технологиялар негізінде топырақтың карашірікпен және коректік заттардың жылжымалы нысандарымен қамтамасыз етілуі жөніндегі электрондық және қағаз жүзіндегі агрохимиялық картограммаларын құрастыратын; республиканың жыртпалы жерлерінің агрохимиялық мәліметтері банкін қалыптастыратын және толықтыратын; жер пайдалану аумағының агроландшафттық жағдайын ескере отырып минералдық тыңайтқыштарды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздемесін әзірлеу үшін химияландыру құралдарын тиімді пайдалану жөніндегі | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Респу-бликасы Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Агроөнер-кәсіп кешені саласын-дағы мемле-кеттік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғылыми-өндірістік тәжірибелер жүргізетін; микротыңайтқыштардың жаңа түрлерін сынайтын; минералдық тыңайтқыштардың үлкен мөлшерлері пайдаланылатын суармалы жерлерде топырақта, өсімдіктерде және өнімде ауыр металдардың жылжуы мен жиналуы мәселелерін зерттейтін; топырақта және ауыл шаруашылығы өнімінде пестицидтердің қалдықты көлемінің жиналуы жөнінде зерттеулер жүргізетін; уәкілетті органның аумақтық инспекциялары бақылау жүргізгенде топырақтың агрохимиялық құрамы туралы шынайы мәліметтерді алу үшін бақылау топырақ үлгілерін іріктейтін және талдайтын; топырақ құнарлылығының жағдайы мен өзгеруін бақылайтын, топырақты химиялық талдау және агрохимиялық зерттеулер жүргізу жөніндегі әдістеме мен әдістемелік нұсқауларды жетілдіретін штат саны 150 адамдық Республикалық агрохимия қызметінің ғылыми-әдістемелік орталығы мемлекеттік мекемесін ұстау. Автокөлік, зертханалық жабдық, зертханалық жиһаз және басқа да жабдық сатып алу. | | инспекция комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы өндірісін қамтамасыз ету үшін агрометеорологиялық мониторинг

жөнінде 191 дана және ауыл шаруашылығы алқаптарының және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ғарыштық мониторингі жөнінде 7 дана ақпарат алу. "Республикалық агрохимия қызметінің ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесін "УАЗ" микроавтобусымен - 1 бірлік, зертханалық жабдықпен - 9 бірлік, зертханалық жиһазбен - 2 бірлік, АА-6200 (хром, темір элементтеріне арналған атомдық-абсорбциондық спектрометр) арналған катодты шамдармен - 2 бірлік, жарақтау. Топырақтың агрохимиялық құрамы туралы анық ақпарат алу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекцияларымен бірлесе отырып 20-30 мың бақылаулық топырақ үлгілерін алу және талдау, 1,8 миллион гектар жалпы алқапта жыртылатын топырақтың тиімді құнарлылығының мониторингін және топырақ-агрохимиялық жұмыстардың сапасына ғылыми-әдістемелік басшылық жүргізу. Агрохимиялық мәліметтер банкін 200,0 мың банк бірліктерімен және 4 000,0 мың гектар көлемдегі алқаптарға электрондық карталарын әзірлеу және басқарудың әртүрлі деңгейлері үшін қазіргі заманғы ГИС-технологиялар негізінде топырақтың гумуспен және қоректік заттардың жылжымалы нысандарымен қамтамасыз етілуі жөніндегі 5,0 мың агрохимиялық картограммаларын дайындау. Жер пайдалану аумағының агроландшафттық жағдайын ескере отырып минералдық тыңайтқыштарды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздемесін әзірлеу үшін химияландыру құралдарын тиімді пайдалану жөніндегі ғылыми-өндірістік тәжірибелер, микротыңайтқыштардың жаңа түрлерін сынау жүргізу. 2 500 топырақ және 2 000 өсімдіктер үлгілерінде ауыр металлдардың түзілуіне химиялық талдау жүргізу. Минералдық тыңайтқыштарды тиімді қолдану жөніндегі ұсынымдар дайындау.

Түпкілікті нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің барынша келемін агрометеорологиялық мониторинг жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету, негізгі ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу мерзімдерін, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін есептерін болжау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерін ауыл шаруашылығы алқаптарының ғарыштық мониторингінің нәтижелері бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету, агрохимиялық қызметті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және агроөнеркәсіп кешенін агрохимиялық мәліметтермен қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: IRS спутнигінен космостық суретке түсірудің бір көрінісінің құны 80,0 мың теңге, канадалық RADARSAT-1 барлық ауа-райылық спутнигінен космостық суретке түсірудің бір көрінісінің құны 130,0 мың теңге.

Уақыттылығы: агрометеорологиялық, ғарыштық мониторингті және агрохимиялық мониторингті белгіленген мерзімдерде жүргізу.

Сапасы: агрометеокөрсеткіштер болжамдарының 85 % шынайылығы мен дәлдігін, егістік алқаптар мен егістіктердің жағдайы туралы шынайы ақпаратпен қамтамсыз ету.

Агрохимиялық қызметті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және агроөнеркәсіп кешені ұйымдарын агрохимиялық ақпараттық қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
119-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану" деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 341883 мың теңге (үш жүз қырық бір миллион сегіз жүз сексен үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12 N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 46, 57, 59-баптары ; "Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу әрі бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 ақпандағы N 159 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикадағы су ресурстарын тұрақты және теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : экономика саласымен халықтың суға деген перспективалық қажеттілігін қанағаттандыру үшін негізгі бағыттар мен шараларды айқындау; Өленті өзені бассейінің су қорын айқындау, экономика салаларын су ресурстары мен олардың пайдалануы туралы қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету; 50 миллион куб метр көлемде су өткізу жолымен Шідерті өзенінің төменгі жайылмасының табиғи көктемгі гидрологиялық тәртібін қалпына келтіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану | | | |
| 2 | | 100 | Су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы схемаларды, су шаруашылығы баланстарын және нормативтерін әзірлеу | Сырдария өзені ағысымен және Іле өзені ағысымен бассейндерінің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау сызбаларын әзірлеуді аяқтау:<br>су ресурстарын пайдалануды реттеу және сумен қамтамасыз ету жөніндегі, су көздерін қорғау жөніндегі және сулардың зиянды әсер етуін жою жөніндегі перспективалы және шұғыл су шаруашылығы іс-шараларының кешенін әзірлеу. Балқаш-Алакөл бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау сызбаларын әзірлеуді бастау:<br>экономика саласы және меншік нысаны бойынша су тұтынушылардың және су пайдаланушылардың құрылымдары, су ресурстарының және олардың сапасының көлемін нақтылау;<br>су тұтынушылардың және су пайдаланушылардың бөліну су ресурстарын пайдалану деңгейінің қазіргі уақыттағы бағасы және олардың жақын арадағы және болашақтағы өзгеру болжамы;<br>су тұтынушылардың және су пайдаланушылардың көзқарасы тұрғысынан су ресурстарының сапалы жағдайына баға | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | беру және олардың өзгеру болжамы. Су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғаудың бас сызбасын әзірлеуді бастау: экономика саласы және меншік формасы бойынша су тұтынушылардың және су пайдаланушылардың құрылымы, орналасқан су ресурстарының көлемі және олардың сапасын нақтылау; су тұтынушылардың және су пайдаланушылардың су ресурстарын пайдалану деңгейінің қазіргі уақыттағы бағасы және олардың болашақтағы өзгеру болжамы; су тұтынушылардың және су пайдаланушылардың көзқарасы тұрғысынан су ресурстарының сапалы жағдайына баға беру және олардың өзгеру болжамы. Өленті өзенінің келешегі бар су шаруашылығы балансын әзірлеу. | | жөніндегі комитеті |
"Қазақ орманды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қорғау және аэрокөрілімдік, орман-патологиялық бақылау бойынша, сонымен қатар орман өрттерін сөндіру бойынша 6 180 ұшу сағаты жүргізілді. Ұшу құрамында үш адамды оқыту. Өрт сөндіру құралдары мен 6 бірлік УАЗ типті автокөлік сатып алу.

Түпкілікті нәтиже: орман питомнигінде стандартты отырғызу материалы алынды, орман қорының сақталуы қамтамасыз етілді, ормандарды молықтыру және орман өсіру алқаптары кеңейтілді, орман орналастыру жобалары, жобалық іздестірулер мен техника-экономикалық негіздемелер алынды, орман өрттері қамтыған алқаптар азайды,

орман қорының бір жану алқабы 1 гектарға дейін қысқарды.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 1 гектар уақытша орман тұқымдары учаскелерін құру 619 теңгені құрайды, 1 артықшылығы бар ағаш іріктеу - 9 200 теңге тұрады, 1 га орман орналастыру жұмыстары 107,7 мың теңге, 1 га жобалық іздестіру 6 897 теңге, 1 га жасыл аймақ құру бойынша жобалық іздестіру 1 477 теңге, 1 га орман отырғызу 17 647 теңге, 1 га орманды авиациямен күзету және аэрокөрілімдік орман-патологиялық бақылау 145,6 теңге құрады, (1 ұшу сағаты: МИ-8 МТВ - 227 мың теңге, МИ-8Т - 192 мың теңге, АН-2, А-22 - 58 мың теңге, ЯК-18 - 53 мың теңге, МИ-2-61 - 94 мың теңге).

Уақтылығы: өртке қарсы және ормандарды қалпына келтіру іс-шараларын, орман өрттерін сөндіру, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, материалдық-техникалық жарақтандыру, орман тұқымы плантацияларында тұқым жинау және перспективалы нысандағы отырғызу материалын өсіру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ормандарды өртке қарсы жабдықтау жобаларын және республиканың мемлекеттік орман иелері бойынша орман орналастыру жобаларын әзірлеу, жобаларға сәйкес ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізу, орман қорын күзету бойынша авиациялық жұмыстар туралы ережеге және ұшу жоспарына сәйкес авиациямен орман күзету жұмыстарын орындау.

Сапасы: келіп түскен бүкіл тұқым қорының тұқымын анализбен жүз пайыз қамту және оны сертификаттау, питомниктер мен орман дақылдарында отырғызу материалының шығымы нормативтеріне сәйкес тұқымның өсіп-өну пайызы, тұқым қуалаушылық сапасы жақсартылған отырғызу материалын алу, геоақпараттық жүйесін қолданып және бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіріп орман орналастыру жұмыстарының құнын төмендету, орман орналастыру жұмыстарының кезеңділігін нормативті мөлшерге дейін жеткізу, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың аумағын өртке қарсы жабдықтау үшін іздестіру жұмыстарын жүргізу, орман дақылдарының жерсінуін пайызын ұлғайту, бір өрттің орташа алқабының көп жылғы деректермен салыстырғанда артып кетуіне жол бермеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
127-ҚОСЫМША

**212 ң Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу және оның кадастры" деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 124043 мың теңге (бір жүз жиырма терт миллион қырық үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д

*Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 137 , 142 , 146 , 150-баптары ; "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 22, 47-баптары .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : балық қорларын ұтымды пайдалану, балықтың құнды түрлерінің гендік қорын сақтау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : санының өсуіне мониторинг жүргізу, балықтың жай-күйін және кәсіпшілік балық табындары қорын бағалау; оларды тұрақты пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Балық ресурс-тарын мемле-кеттік есепке алу және оның кадастры | Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде биологиялық ресурстардың жай-күйін бағалау бойынша кешендік теңіз зерттеулері. Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандары резервтік қорының балық ресурстары мен басқа су жануарларының жай-күйін бағалау. Балық шаруашылығы су тоғандарының және/немесе олардың учаскелерінің балық өнімділігін анықтау, алудың жол берілетін шекті көлемі мен халықаралық және республикалық маңызы бар су тоғандарда балық аулауды реттеу және режимі бойынша биологиялық негіздеме әзірлеу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Балық шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Орал-Каспий бассейніндегі бекіре түрлес балықтардың табиғи уылдырық шашатын жерлерін анықтау және оларды қалпына келтіру бойынша ұсынымдар беру. | | лығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: балықтар мен басқа су жануарларын аулауға квоталар мен лимиттерді анықтау үшін жергілікті, республикалық және халықаралық маңызы бар су тоғандарында кәсіпшілік учаскелердің балық өнімділігі мен берілетін шектеулі аулаулар көлемін анықтау бойынша биологиялық негіздеме; бекіре түрлес балықтар үшін табиғи уылдырық шашатын орындарды қалпына келтіру бойынша ұсынымдар беру; Каспий теңізінің балық қорын зерттеу бойынша есеп.

Түпкі нәтиже: жергілікті, республикалық және халықаралық маңызы бар су тоғандарда биологиялық су ресурстарын сақтау және оңтайлы пайдалану бойынша басқармалық шешімдер, ағымдағы балық шаруашылығы мелиорациясы, балық аулау режимін оңтайландыру бойынша іс-шаралар өткізу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: балық шаруашылығы су тоғандарының және/немесе олардың учаскелерінің балық өнімділігін анықтау, алудың жол берілетін шекті көлемі мен халықаралық және республикалық маңызы бар су тоғандарда балық аулауды реттеу және режимі бойынша биологиялық негіздеме әзірлеу есебінің құны 64608,0 мың теңге, Каспий теңізінің қазақстандағы бөлігінде биологиялық ресурстардың жай-күйін бағалау бойынша кешендік теңіз зерттеулері есебінің құны 27230,0 мың теңге, жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандары резервтік қорының балық ресурстары мен басқа су жануарларының жай-күйін бағалаудың құны 25 325,0 мың теңге, Орал-Каспий бассейніндегі бекіре тәріздес балықтардың табиғи уылдырық шашатын жерлерін анықтау және оларды қалпына келтіру бойынша ұсыныстар беру есебінің құны 6880,0 мың теңге.

Уақтылығы: Қазақстан Республикасындағы балық ресурстарын және басқа да су жануарларын ұтымды пайдалану үшін, Каспий теңізінің су биоресурстары жөніндегі халықаралық Комиссиясының жыл сайынғы отырысына каспий жанындағы мемлекеттер арасындағы ауланған су биоресурстарының квоталары мен лимиттерін, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланушылар арасындағы ауланған су биоресурстарының квоталарын бөлу үшін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес жануарлар дүниесінің жай-күйін жыл сайын бағалау.

Сапасы: мемлекеттік экологиялық сараптаманың мақұлдаған қорытындысының болуы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
128-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Балық ресурстарын молайту"
деген 038 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 723112 мың теңге (жеті жүз жиырма үш миллион бір жүз он екі мың теңге ) .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 47-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы су айдындарында кәсіпшілік балық қорларын толықтыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жас балықтарды жасанды жолмен молайту; балықтардың мекендеуіне және табиғи өсіп өнуіне оңтайлы жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | | Балық ресурс-тарын молайту | Құнды жас балық түрлерін өсіру (бекіре, тұқы, ақсаха және жылға дейінгі тұқы, жылдық тұқы, екі жылдық тұқы). Орал-Каспий бассейні Орал және Қиғаш өзендерінің балық жүру-арналарында мелиоративтік (түп терендету) жұмыстарын | Ақпан-қараша | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Балық шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жүргізу, жоба алдындағы құжаттаманы әзірлеу. | | лығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасының 35 су қоймаларына балық жіберу; құнды жас балық түрлерін су қоймаларына жіберу: бекіре 7,0 миллион дана, тұқы құрты 75 миллион дана , ақсақа құрты 50 миллион дана, тұқы шабақтары 32,7 миллион дана, жылдық тұқы 0,9 миллион дана, екі жылдық тұқы 1,92 миллион дана; Орал-Каспий бассейнінде Орал және Қиғаш өзендерінің балық жүру-арналарында мелиоративтік (түп тереңдету) жұмыстарын жүргізу арқылы 932,11 мың текше метр тұнба шығару жолымен түбін тереңдету нәтижесінде балықтардың уылдырық шашу мен жайып семірту жерлеріне көшіп-қонуын қамтамасыз ету.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының балық ресурстарын қалпына келтіру мен тұрақты пайдалану.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 дана жас бекірені өсірудің құны - 16,672 теңге, жылға дейінгі тұқы - 7,165 теңге, жылдық тұқы - 22,04 теңге, екі жылдық тұқы - 18,23 теңге, ақсаха құрты - 0,18 теңге, тұқы құрты - 0,11 теңге; Орал-Каспий бассейнінде Орал және Қиғаш өзендерінің 1 текше метр тұнба шығару құны - 318,78 теңге; жоба алдындағы құжаттаманы әзірлеу 2,862 миллион теңге.

Уақтылығы: өсіру биотехникасының талаптарына сәйкес су қоймаларына құнды жас балық түрлерін жіберу; уылдырық шашу мен қайту уақыты есебін қоса, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес балық өсіру-мелиорациялық жұмыстарын жүргізу.

Сапасы: 1 дана жас бекіренің салмағы - 3 грамм, жылға дейінгі тұқы - 25 грамм, жылдық тұқы - 30 грамм, екі жылдық тұқы - 150 грамм; Орал-Каспий бассейні Орал және Қиғаш өзендерінің балық жүру-арналарында техникалық параметрлерінің жобамен сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
129-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне су шаруашылығы құрылыстарын салу және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері"
деген 039 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 500000 мың теңге (бес жүз миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының Су кодексінің 2003 жылғы 9 шілдедегі 123-бабы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : тасқын суларды су шаруашылық имараттарынан апатсыз өткізу, су шаруашылық имараттарында техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындау қаупінің алдын алу, ирригациялық имараттарды пайдалану бойынша салалардың және ауыл шаруашылығы су пайдаланушылары жүйелерінің тиімді дамуы.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : су шаруашылық имараттарының құрылысы және қайта жаңартылуы бойынша кешенді іс-шараларды орындау.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 039 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне су шаруашылығы құрылыстарын салу және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері | Бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес (17.08.2007 жылғы N 2-473/07 мемлекеттік сараптама), "Сырдария өзенінің жағаларын нығайту және Қызылорда қаласының қорғаныс бөгеттерін қайта жаңартуға" нысандардың құрлысына және қайта жаңартуға арналған Қызылорда облысын дамытуға нысаналы трансферттер. | Қантар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті |

7. **Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: бірінші кезеңдегі құрылыс жұмыстарының көлемін аяқтау.

Түпкілікті нәтиже: су шаруашылық имараттардың дұрыс қызмет көрсетуін

қамтамасыз ету және төтенше жағдайдың туындау қаупін төмендету.

Уақыттылығы: бекітілген жұмыс жоспарына және жасалынған келісім шарттарға сәйкес.

Сапасы: Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
130-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және жануарлар дүниесін сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету"
деген 040 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3537953 мың теңге (үш миллиард бес жүз отыз жеті миллион тоғыз жүз елу үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 12, 15-баптары ; "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 34-бабы ; "Республикадағы жырткыштардың жекелеген түрлерінің санын реттеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 қыркүйектегі N 1230 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 карашадағы N 1692 қаулысы ; "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысы ; "2008-2010 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 16 қазандағы N 958 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен орман қорының объектілерін, биологиялық сан алуандықты сақтау, қалпына келтіру және кеңейту, Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарларының түрлері мен киіктерінің санын сақтау және қалпына келтіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен

орман қорының объектілерін қорғау, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту, табиғи кешендерді сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу және енгізу, жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін табиғи еркіндік жағдайында таралымдарын сақтау және биологиялық жағынан негіздей отырып жыл сайынғы өсімін ұлғайту, киіктердің санын өсіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 040 | | Ерекше қорғала-тын табиғи аумақтар-ды және жануарлар дүниесін сақтау мен дамытуды қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Ерекше қорғала-тын табиғи аумақтар | Жалпы штат саны 2962 бірлік болатын 22 мемлекеттік мекемені: "Ертіс орманы", "Семей орманы" 2 мемлекеттік табиғи орман резерватын және Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватын; Ақсу-Жабағылы, Алакөл, Алматы, Барсакелмес, Батыс Алтай, Қаратау, Қорғалжын, Марқакөл, Наурызым, Үстірт: 10 мемлекеттік табиғи қорықтарын; Алтын-Емел, Көкшетау, Баянауыл, Іле Алатауы, Қарқаралы, Қатон-Қарағай, Сайрам-Өгем, Шарын, Көлсай көлдері 9 | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруашы-лығы комитеті |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мемлекеттік ұлттық табиғи паркті ұстау. Мемлекеттік табиғи қаумалдар мен табиғат ескерткіштерін қорғау үшін 63 мемлекеттік инспектор ұстау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік мекемелері кадрларының біліктілігін арттыру. Өртке қарсы іс-шаралар, ормандарды молықтыру және орман қорғау іс-шараларын жүргізу. Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне, Алакөл мемлекеттік табиғи қорығына үй-жайлар мен құрылыстар сатып алу. "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына өрт-химиялық станциясының екі қабатты ғимаратын және өрт-бақылау мұнарасын сатып алу. Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының "Визит-орталық" табиғат мұражайын күрделі жөндеуді аяқтау (18.03.2006 жылғы N 2-133/06 мемлекеттік сараптама). Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғимаратын күрделі жөндеу (01.06.2007 жылғы N 20-312/2007 мемлекеттік сараптама). Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы кеңсесінің алдыңғы жағы мен шатырын күрделі жөндеу (15.05.2006 жылғы N 14-98/06 мемлекеттік сараптама). | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерваты филиалдарының өрт-химиялық бекеттерін күрделі жөндеу (23.08.2005 жылғы NN 9с-219/04, 9с-220/04, 22-203/05, 17.04.2006 жылғы N 22-179/06 мемлекеттік сараптамалар). Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне, "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына материалдық емес активтер сатып алу. 22 ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік инспекторларына жазғы және қысқы нысанды киім сатып алу. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыру. | | |
| 3 | | 101 | Киіктер-ді, тұяқты жабайы жануар-лардың құрып бара жатқан түрлерін сақтау және олардың санын қалпына келтіру | Республика аумағында төлдеу және басқа да маусымдық топталу орындарында киіктерді қорғау. Жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғауды жүзеге асыру. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарлардың және киіктердің таралу ареалдары шегінде жыртқыштардың санын реттеу. | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруашы-лығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: 3 685 611,8 гектар алқапта ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау және ұтымды пайдалану, өртке қарсы минералдандырылған жолақ құру және күту алқабы 35 701 км, ормандарды молықтыру алқабы 5 033 гектар, соның ішінде жүргізілген орман

дақылдарын себу және отырғызу жұмыстарының алқабы 4 623 гектар.

Мемлекеттік табиғи қаумалдар мен табиғат ескерткіштерін қорғау бойынша 63 мемлекеттік инспектор ұстау.

"Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына өрт-химиялық бекетінің екі қабатты ғимараты және өрт-бақылау мұнарасы, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне және Алакөл мемлекеттік табиғи қорығына тұрғын ғимараттар сатып алынады.

Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының "Визит-орталық" табиғат мұражайына күрделі жөндеу аяқталады, Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғимаратына, Наурызым мемлекеттік табиғи қорығының кеңсесіне, "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватының өрт-химиялық бекеттеріне күрделі жөндеу жасалады. "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына 61 бірлік лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету, Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне 1 бірлік "1С-Бухгалтерия", 1 бірлік "Заң" бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алынады.

7 бірлік УАЗ автомашинасы, 5 бірлік ВАЗ автомашинасы, 1 бірлік ГАЗ автомашинасы, 9 бірлік қаршана, 2 бірлік спутниктік байланыс, 2 бірлік CPS-навигатор , 1 бірлік бейнеекілік, 2 бірлік бейнекамералар, 2 бірлік көшірме аппараты, 2 бірлік принтер, 1 бірлік аспалы құрал айыры, 1 бірлік гидравликалық тырма, 1 бірлік роторлы шалғы, 1 бірлік соқа, 3 бірлік шынжыр табан трактор, 1 бірлік тельфер, 6 бірлік спутниктік навигатор, 16 бірлік компьютер жинағы, 1 бірлік портативті компьютер, 10 бірлік күннен қуат алатын батарея, 4 бірлік тіркеме, 5 бірлік мобильді радиобекет, 14 бірлік алып жүретін радиобекет, 6 бірлік стационарлы радиобекет, санды 3 бірлік фотоаппарат, 1 бірлік жүйелі блок, 1 бірлік ЖК-монитор, 3 бірлік генератор, 1 бірлік гидромеханикалық әмбебап манипулятор, 1 бірлік бензоара, 1 бірлік өрт сөндіру машинасы, 10 бірлік мотоцикл, 73 бас жылқы, 1 бірлік вагон-жатақхана, 3 бірлік түнде көру құралы, 2 бірлік қайық моторы, 2 бірлік моторлы қайық, 1 бірлік аспалы шалғы, 5 бірлік сейф, 5 бірлік кеңсе жиһазы, 3 бірлік миниэлектр бекеті, 1 бірлік аспалы құрал, 1 бірлік киіз үй, мұражайға экспонаттар 18 атау сатып алынады.

22 ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік инспекторлары жазғы және қысқы нысанды киіммен жарақтандырылатын болады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мамандары біліктілік деңгейін арттырады, питомниктердегі отырғызу материалы 44,2 миллион данаға көбейеді, 1 000 бас қасқыр атып алынады, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері таралымдарының саны олардың табиғи өсімін молайту деңгейінде сақталады және киіктердің санын өсіру.

Түпкілікті нәтиже: табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуы, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің саны тұрақтанады, сондай-ақ олардың таралу аймақтары бойынша олардың таралымдарын сан өсімінің есептік деректерімен тіркелген орнықты даму деңгейіне дейін қалпына

келтіріледі және киіктердің санын өсіру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың 1 гектарына шаққанда қорғау, молықтыру және онда өртке қарсы іс-шаралар жүргізу шығындары 789,4 теңгені құрайды.

Уақтылығы: жұмыстар атқарудың, қызметтер көрсетудің және тауарлар сатып алудың бекітілген жоспарларына сәйкес өртке қарсы жұмыстар және ормандарды молықтыру жөнінде іс-шаралар жүргізу, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын өткізу, материалдық-техникалық жарақтандыру және 22 ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың кадрларының біліктілігін арттыру, киіктерді, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау және өсімін молайту үшін нормативтік құқықтық және ұйымдық-шаруашылық шараларын жүргізу.

Сапасы: орман өрттері алқаптарының қысқаруы, қазіргі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өздерінің табиғи жағдайында сақталуы, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің санын қазіргі бар деңгейде сақтау, киіктер санын 10 % көбейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 131-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Нұра-Есіл өзендері алабын қоршаған ортасын оңалту және басқару" деген 041 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2695083 мың теңге (екі миллиард алты жүз тоқсан бес миллион үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы" 2004 жылғы 26 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өзен арнасы мен оған іргелес аудандарды сынаптан ластануды тазарту арқылы Нұра өзені бассейні аумағында тұратын халықтың өмір деңгейін көтеру, бұл жергілікті су пайдаланушылардың өскелең мұқтажын

қанағаттандыру үшін сумен жабдықтаудың қауіпсіз, тиімді, аз шығынды баламалы көзіне әкеліп соғады, сондай-ақ су тасқынын басқару үшін және экологиялық мақсатта судың шығынын бақылауды жаңартуға әкеліп соғады.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жоба аумағындағы судағы, ауадағы, топырақтағы сынаптың мөлшерін төмендету; Ынтымақ су қоймасын жоба көлемін реттеу мүмкіндігіне дейін (240 млн. м3) қайта жаңарту, (қазіргі уақытта жылдық орта есеппен алғандағы реттелмеген көлемі - 40 млн. м3);

Нұра өзеніндегі 17 гидрологиялық бекеттерді және Қарағанды облысының 4 зертханасын техникалық қайта жабдықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 041 | | Нұра-Есіл өзендері алабын қоршаған ортасын оңалту және басқару | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен | Келісім шарт бойынша жоба шеңберіндегі құрылыс жұмыстары: "Карбит" зауыт аумағын және оған іргелес ластанған аумақтарды тазарту, полигондарды пайдалану және салу; өзен арнасын және Жаур батпағын тазалау; Ынтымақ су қоймасын қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру. | Сәуір-қараша | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су ресурс-тары жөніндегі комитеті |
| 3 | | 016 | Респу-бликалық бюджеттен сыртқы қарыз-дарды бірлесіп | Жоба шеңберінде құрылыс жұмыстарына келісім шарт бойынша бірлесе қаржыландырудың жартысын төлеу: "Карбит" зауыт аумағын және оған іргелес ластанған аумақтарды | Ақпан-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Су |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаржы-ландыру есебінен | тазарту, полигондарды пайдалану және салу; өзен арнасын және Жаур батпағын тазалау; Ынтымақ су қоймасын қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру; жоба шеңберінде құрылыс жұмыстары бойынша бақылауды іске асырушы кеңесшілердің қызметін төлеу; жоба шеңберінде құрылыс жұмыстары бойынша салық баж салығын төлеу; кеңес берушілік қызметтерге келісім шарт бойынша салық және баж салығын төлеу; операциялар жүргізгені үшін екінші деңгейдегі банктің комиссиясын төлеу; операциялық шығындармен қоса, жобаны басқару тобының жергілікті кеңесшілердің қызметін төлеу; аудармашының қызметін төлеу, автокөлік қызметін төлеу; жарнама-ақпараттық қызметтерін төлеу. | | ресурс-тары жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: тәуелсіз сарапшылардың есептері; жоба шеңберінде құрылыс жұмыстарының жоспарланған көлемін орындау; құрылыс жұмыстарына қадағалау жүргізу бойынша есептер.

Түпкілікті нәтиже: Ынтымақ су қоймасы мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшылардың шешімі; сынап қалдықтарын көму үшін полигонды салу, Ынтымақ су қоймасын қайта жаңартуды бастау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: сынап қалдықтарының 1 текше метрін көму құны - 2500 теңге.

Уақыттылығы жүргізілуі: қызметтер мен жұмысты ұсыну бастапқы кестеге сәйкес.

Сапасы: ауадағы, судағы, топырақтағы сынап мөлшерін шектеулі мүмкіндік концентрация деңгейіне дейін төмендету (2,1 мг/кг).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
132-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 042 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2704683 мың теңге (екі миллиард жеті жүз төрт миллион алты жүз сексен үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарды және агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11 және 17-баптары ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялы дамуының стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 жарлығының 7.3.1.-бабы; "Республикалық бюджетінің қаражаты арқылы орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру кейбір сұрақтары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасын ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 "2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына арналған концепциясын іске асыру шараларының жоспары туралы" қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының кейбір сұрақтары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қаңтардағы N 1150 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 мамырдағы N 409 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : агроөнеркәсіп кешені салаларын тұрақты дамыту; ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, халықаралық талаптарға сәйкес бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіру; агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі жағдайын талдау және дамуының перспективалық бағыттарын анықтау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : өсімдіктердің, жануарлардың және микроорганизмдердің гендік ресурстарын қапыптастыру, зерттеу және сақтау; ауыл шаруашылық, жеміс-жидек, орман құрастыратын және басқа дақылдардың сорттары мен гибридтерін, ауыл шаруашылық жануарлар, құстар, бал ара, балық және микроорганизмдердің тұқымдары, типтері, кросстары мен аталық іздерін шығару; ауыл шаруашылық дақылдардың сорттары мен гибридтерінің түпнұсқалық тұқым шаруашылығын ұйымдастыру; бүгінгі күннің генетикалық, биотехнологиялық әдістерін жетілдіру және оларды селекция мен биологиялық және ветеринариялық препараттарды шығаруда қолдану; дақылдарды өсіру, жасанды орман құру және орман көбейту, экологиялық қауіпсіз және экономикалық жәнділік, ресурс сақтайтын, барынша бейімделген технологияларды және су ресурстарын басқару әдістерін жетілдіру және шығару; мал шаруашылығы экологиялық таза өнімдерін өндіру технологияларын жетілдіру және енгізу; ауыл шаруашылық жануарларының өнімді-асылтұқымды сапасын көтеру; жоғары иммуногендік вакциналарды және жануарлар, құс және балықтардың инфекциялық және паразитарлық ауруларына қарсы препараттарды шығару; таза экологиялық ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сақтау үшін бәсекеге қабілетті сақтау технологияларды, техникаларды және машиналарды жасау; агро азық-түлік кешенінің тиімді функцияланатын экономикалық механизмі және ауылдық аумақтардың дамуы.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 042 | | Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | I. Егіншілік өсімдік шаруашылығы, орман және су шаруашылықтары салаларында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын мынадай 11 бағытта жүргізу, соның ішінде:<br>5 жаңа бағытта:<br>1. Клеткалық және гендік инженерия | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әдістерінің негізінде жаңа биотехнологияларды, молекулярлық биология және т.б. пайдаланып, әр түрлі дақылдардың жаңа жоғары өнімді сорттарын шығару және олардың тұқым шаруашылығын ұйымдастыру. 2. Осы заманғы ақпараттық технологияларды қолданып дақылдарды егетін жаңа экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз ылғалресурссақтағыш технологияларды әзірлеу. 3. Жаңа биотехнология әдістерімен карантиндік түрлерін жою және оқшаулау шараларын қолданып, дақылдарды зиянкес организмдерден сақтаудың биологиялық тәсілдерін жетілдіру. 4. Негізгі өзен бассейні мен кіші өзендердің су ресурстарын қорғау және кешенді пайдалану сызбаларын әзірлеу; трансшекаралық су ағынын оңтайлы басқару методологиялық негіздерін әзірлеу. 5. Республикалық орман экожүйелерінің қазіргі заманғы жай-күйінің орман және экологиялық бағалауын жүргізу, орман шаруашылығына экономикалық негіздерді енгізуді әзірлеу. 6 жалғасатын бағытта: 1. Ауыл шаруашылық және басқа дақылдардың гендік қорын сақтау, қалыптастыру, | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | толықтыру, зерделеу, сақтауын ұйымдастыру және деректердің банкін құру.<br>2. Дәстүрлік селекция негізінде әр түрлі дақылдардың жаңа жоғары өнімділік сорттарын шығару және олардың тұқым шаруашылығын ұйымдастыру.<br>3. Қазіргі заманға сай және жаңа технологияларды жетілдіру және әзірлеу арқылы өсімдік шаруашылығын диверсификациялау және жер құнарлылығын теориялық негізде ұдайы өндіру арқылы экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз ылғал-ресурс сақтау технологиялары-мен ауыл шаруашылық дақылдарын егіп өсіру.<br>4. Республиканың әрбір агроэкологиялық аумағында кездесетін зиянды организмдердің түр құрамын, экологиялық өзгешеліктерін зерделеу және олардың зияндылығын анықтау; шаруашылықты жүргізудің жаңа қалыптарына өтуге байланысты агроэкожүйелердің фитосанитарлық тұрақтылығын жоғарылату мақсатында теориялық негіздерін әзірлеу.<br>5. Су шаруашылығын оңтайлы басқару үшін методологиялық негіздерін әзірлеу; суландыру жүйесінде суару және су тарату, механикалық | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрылғыларын, машиналарын, техникалық жабдықтарын, технологияларын және су көтеру техникасын автоматтандыру. 6. Орман шаруашылығы мен қорғалатын орман өсіру, ормантану және орманды жаңадан өндіру теориялық негіздерін жетілдіру және оларды техникамен қамтамасыз ету. II. Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және сақтау салаларында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын мынадай 6 негізгі бағытта жүргізу, сонымен бірге: 2 жаңа бағытта: 1. Экологиялық қауіпсіз ресурс сақтау биотехнологиясын және қоршаған ортаны сақтау үшін микроорганизмдер-дің гендік қорын қалыптастыру және сақтау. 2. Пайдалануға дайын жоғары дәрежелі азық өнімін және азық қосымшаларын құру. 4 жалғасатын бағытта: 1. Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібінде қолдану үшін микроорганизмдердің гендік қорын қалыптастыру және сақтау; 2. Өсімдік, жануар текті мал шаруашылығын шикізаттарын қайта өңдеу және сақтау үшін қазіргі заман технологияларын және технологиялық жабдықтарын жетілдіру. 3. Әр түрлі ауыл | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шаруашылық малдар, құстар және балықтар түрлеріне арналған құрама азық және азықтық қоспаларды өндіру үшін тиімді технологияларды әзірлеу. 4. Жағдайы төмен халықтың тобына, оның ішінде балалар мен экологиясы қолайсыз аудандардың тұрғындарына арналған жаппай пайдалануда және емдеу-сақтандыру бағытында ұлттық өнімдерді және жаңа ұрпақ үшін таза, құнарлы азық-түліктерді жасау. III. Мал шаруашылығы және медициналық ветеринария саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын мынадай 7 негізгі бағыт бойынша жүргізу, сонымен бірге: 5 жаңа бағытта: 1. Иммуногенетикалық мониторингті пайдалану негізінде ауыл шаруашылығы малдарының популяциясының және тұқымдарының генетикалық құрылымын иммуногенетикалық талдау тәсілдері арқылы зерттеу. 2. Ауыл шаруашылығы малдарының және құстардың аз және құрып бара жатқан түрлерін, тұқымдарын, сүлелерін, желілерін және кросстарының биоматериалдарын (эмбриондар мен гаметалар) банктерін жасау және жоғары өнімді, аса құнды генотиптерін | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жеделдетіп шығарудың мал өсіру бағытындағы биотехнологиясын жетілдіру. 3. Иммунологиялық және эпизоотологиялық мониторинг әдістемелерін әзірлеу және емдеу-профилакти-калық, диагностикалық вакциналарды жасау, ауыл шаруашылығы малдарының және құстардың инфекциялық ауруларының қоздырғыштарының генетикалық және иммунобиологиялық қасиеттерін зерттеу. 4. Тиімді терапевтикалық, емдеу-профилактикалық және дезинвазия құралдарын жаңа дәрілердің формалары мен препараттарын жетілдіру арқылы, сонымен қатар жергілікті өсімдіктер мен минералдарды пайдалану негізінде әзірлеу. Ауыл шаруашылығы малдарының және құстардың инфекциялық, жұқпалы және жұқпайтын ауруларының диагностикалық, профилактикалық және терапиялық биопрепараттарын алудың биотехнологиялық әдістемелерін әзірлеу. 2 жалғасатын бағытта: 1. Отандық және әлемдік генофондты пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы малдарының, құстардың және балықтардың жаңа тұқымдарын, сүлелерін, желілерін, кросстарын шығару және бар | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | малдардың асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін арттыруды жетілдіру. 2. Экологиялық таза сиыр, қой, жылқы және шошқа еттерін өндірудің прогрессивтік технологиясын әзірлеу негізінде жергілікті аймақтарға қолайлы күтіп баптау және азықтандыруды ескере отырып оңтайлы технологиясын шығару. IV. Ауыл шаруашылығын механикаландыру саласында қолданбалы ғылыми және тәжірибе-конструкторлық зерттеулерді 3 негізгі бағыттары бойынша жүргізу, соның ішінде: 1 жаңа бағытта: 1. Ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу, ескірген тетіктерін қалпына келтіру және технологиялық қызмет көрсету үшін наноматериалдар пайдалану арқылы жаңа ресурс үнемдейтін технологиялар мен құралдарды әзірлеу. 2 жалғасатын бағыттар: 1. Егіншілік және мал шаруашылығы салаларында баптау және малды ұстау жүйесінің аймақтық жағдайына қарап ресурс үнемдеу және бәсекелестікке төтеп бере алатын технологиялар және машиналар жүйесін әзірлеу, соның ішінде қайта қалпына келетін энергия көздерін пайдалану, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу; шалғайдағы | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | фермерлік шаруашылықтарды энергия және сумен жабдықтау, еңбек және материалдық шығындарды үнемдейтін құралдарды әзірлеу. 2. Республикалық әрқилы жер-климаттық жағдайына қарай отандық және шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларын мемлекеттік сынау, сертификациялау және ұсыныстар әзірлеу. V. Ауыл шаруашылығы экономикасы саласында қолданбалы ғылыми-зерттеулерді 5 негізгі бағыттар бойынша жүргізу, соның ішінде: 2 жаңа бағытта: 1. 2015 жылға дейін АӨК тұрақты дамуы үшін еліміздің аймақтарында жинақты шаралар әзірлеу. 2. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде аумақтық-салалық кластерлерді ұйымдастыру экономикалық негіздерін қалыптастыру. 3 жалғасатын бағыттар: 1. Ауыл шаруашылығын дамытудың стратегиялық бағыттарын, қайта өңдеу жүйесінің және оның салаларының материалдық-техникалық жабдықтау мен қызмет көрсетудің ғылыми негіздерін әзірлеу. 2. Агроөнеркәсіптік кешенінің көп сатылы экономика жағдайында, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік құрылымдарын кооперациялау және интеграциялау, жерді нарық кезеңінде | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұқыпты пайдаланудың тиімділігінің экономикалық механизмін әзірлеу. 3. Ауыл тұрғындарының өмір сапасының индикаторларын қалыптастыру, ауылдық аумақтарды дамыту, еңбек қатынастарын, ауыл халқын оңтайлы орналастыру және жұмыспен қамтудың ғылыми негіздерін әзірлеу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: өсімдіктің гендік қоры коллекциясы экспедициялық жинауда және ғылыми алмасуда - 2 мыңнан астам үлгімен толықтырылды, өсімдік үлгілерінің 50 мыңға жуығы биологиялық-шаруашылық белгілері бойынша бағаланды. Құрылды: Өсімдіктің гендік қоры бойынша ұлттық деректер қоры және ақпараттық желі; жаздық бидайдың in vitro будандық комбинациясының гендік банк моделі; жеміс-жидек дақылдарының сорттары мен будандарының гермоплазм хладобанкі; жеміс-жидек және басқа да дақылдардың 40-қа жуық мол өнімді жаңа сорттары мен будандары жасалып, Мемлекеттік сорт сынағына тапсырылды;

астық дақылдарының тұқым шаруашылығы сызбасы жетілдірілді; картоптың отандық селекциясының 5 сорты сауықтырылды және пробиркалық өсімдіктердің 20-25 мың данасы көбейтілді; алынды: 20 мыңға дейін картоптың меристемдік түйнегі, сүйекті жемістердің, таңқурайдың және қарақаттың 4 мыңға дейін екпе ағашы; 50 мыңға дейін қойбүлдірген мұртшалары; 10 мыңға дейін қылқан жапырақты тұқым сеппесі;

әзірленді: жеміс дақылдарының (алма, алмұрт, өрік, шие) in vitro генотиптерінің биотехнологиясын жүргізу; алманың оқшауланған бүршігін криоконсервациялау регламенті және асбұршақ биотехнологиясы; сары тат қоздырғышына бидайдың төзімділігін саралау әдісі; дән өнімін биофортификациялау үшін дәннің Fe және Zn құрамы бойынша бидайдың гендік қорын бағалау;

әзірленгені: топырақ құнарлығын қалпына келтірудің ғылыми және практикалық негіздері; топырақ құнарлылығын арттыруды және экологиялық таза өнімдерді алуды қамтамасыз ететін, егіншілік биологиялық жүйесінде түсімді көбірек алудың технологиялық моделі және агрокешен алгоритмі, Солтүстік Қазақстанның 3 аймағы үшін қазіргі ақпараттық технологияны пайдалана отырып дәнді дақылдар өсіру технологиясында ылғал үнемдейтін экономикалық тиімді, әрі экологиялық қауіпсіз 5 жаңа модель; азықтық дақылдарды ғылыми-өндірістік негізде іріктеу және өндіру ( егіншілік саласында 10-нан астам технология);

әзірленгені: агрофитоценоздардың фитосанитарлық тұрақтылығын арттырудың теориялық негіздері және практикалық тәсілдері, зиянкестерден, аурулардан, арамшөптерден қорғау бойынша дәнді, дәнді-бұршақты, майлы және басқа да дақылдардан қорғаудың біріктірілген технологиясы, республиканың әртүрлі аймағында олардың биологиялық, шаруашылық және экономикалық тиімділігі анықталған; дәнді дақылдар үшін өсімдіктердің альтернариоз, фузариоз, гельминтоспориоз қоздырғыштары негізінде биопестицид өндіру технологиясы;

әзірленгені: негізгі өзен алаптарының су ресурстарын игерудің және пайдаланудың ғылыми негіздері; ауыл шаруашылығы дақылдарын суарудың ресурс үнемдеу технологиясы; мал шаруашылығында фермерлік қожалықты дамыту үшін шұраттық суару жүйесі; ағын болжамының бағдарламасын қамтамасыз ету, су шаруашылығы балансын құру, техникалық құжаттамалар мен тәжірибе үлгілерін әзірлеу үшін су тұтынуды жоспарлау және реттеу; гидротехникалық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін эксперименттік жүйе; тозған жайылымды қалпына келтіру жүйесі; ресурс үнемдеуді және топырақ құнарлылығын сақтауды қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы дақылдарын төмен суарудың технологиялық және техникалық амалдары; орман шаруашылығын жүргізу жүйесі, сонымен қоса: орманның генетикалық резерваттарын сақтау және қалпына келтіру, ағашы кесіліп кеткен жерді, өртенген жерді жетілдіру және перспективалық интродуценттерді қолдана отырып орман өсіру; әртүрлі мақсатқа арналған қорғаныш орман экожүйесінің қуаңшылық өңірдегі әлеуметтік мәнін құру технологиясы;

әзірленгені: технологиялық бақылау бойынша теориялық негіздері мен практикалық ұсыныстар және әртүрлі дақылдар дәнінің тағамдық қауіпсіздігін сақтандыру; ПЦР көмегімен сүт қышқылды бактериялардың коллекциялық штамдарын паспорттаудың молекулярлық генетикалық әдістері, мал микроорганизмдері үшін әртүрлі таксометриялық патогендік топтардың коллекциялық нысандары туралы компьютерлік деректер базасы құрылған;

әзірленгені: жеміс дақылдарын және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және сақтау бойынша 12 бәсекеге қабілетті технология; ұннан пісірілген нандардың, макорондардың, кондитерлік бұйымдардың 10-нан астам жаңа рецептісі, ұлттық сүт және ет тағамдарының, мал түліктеріне, құсқа балыққа арналған құрама жемнің жаңа түрлері, құрылғаны: етті малдардың генетикалық ресурстары бойынша ұлттық деректер базасы, инновациондық технология мен техникалық реттелімдер; тұқымдық жылқының, ірі қараның, құстың өнімділігі жоғары генетикалық паспорты; Қазақстанда өсірілетін әртүрлі тұқымдағы көрнекті тұқымдық айғырлардың эмбриондары мен ұрықтарын сақтау қоры, Қазақстанда сирек кездесетін және саны азайып бара жатқан қой тұқымдарының ұрықтары мен эмбриондарының қоры;

әзірленгені: трансгендік мал алу әдістемесі, ДНК-технологиясын пайдалану арқылы қойдың елтірілі тұқымының генетикалық құрылымын бағалаудың биотехнологиялық

негіздері; республиканың табиғи су қоймасында балықтың бағалы түрлерін сақтау биотехнологиясы;

қаракөл қойларының бір тұқым ішілік типі және екі зауыттық аталық іздері шығарылып, сынақтан өткізілді; елтірілі-етті-майлы өнімділігі жоғары атыраулық қой тұқымының ұнамды типтегі 2,0 мың басы құрылды; етті-майлы-құйрықты ақсеңгерлік аталық іздегі салалы жүнді тармағы сынақтан өткізілуге даярланды;

шығарылғаны және сынақтан өткізілгені: қазақтың аруана түйе тұқымының "Кірпік " зауыттық аталық ізінің маусымдағы сүттілігі 3500 кг, майлылығы 4,02%; қазақтың ақ түсті айыр түйе тұқымының "Ақмоншақ-7" тұқымдық бурасының зауыттық аталық ізі; батыстық популяциядағы қазақтың айыр түйе тұқымының 60 бас селекциялық табыны құрылды;

көшім жылқысы тұқымының тармағы мен зауыттық типі, мұғалжар жылқы тұқымының құланды тұқым ішіндік типінің аталық іздері сынақтан өткізілуге әзірленді ;

ірі ақ шошқа тұқымының келешегі бар 6 тобы бөлінді, 1 аталық ізі және 10 тұқымдасы олардың популяциялық генетикалық және селекциялық параметрлерімен толық сипатталады, селекциялық табын жыныстық жасына қарай топтастырылды және ақсай шошқасының келешегі бар генеалогиялық аталық іздері мен тұқымдасы анықталды; голштин тұқымымен будандастырылған қазақтың қара-ала сиырының жаңа типінің 2 аталық ізінің негізі қаланды; Каспий маңы ойпаты жағдайында қырдың қызыл сиыры тұқымын өсірудің оңтайлы сызбасы әзірленді;

әзірленгені: жұмыртқалағыш тауықтың отандық аталық іздері мен кросстарының селекциялық бағдарламасы құрылды; етті бағыттағы тауықтардың әртүрлі генетикалық тобының жаңа селекциялық тәсілдері зерттеліп, тұқымдық үйірі құрылды (жынысы жетілген құстардың 3000-ға жуығы); африкалық түйеқұстың селекциялық ұясын және өсіру технологиясын құру әдісі; Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағдайында бөденелердің таза аталық іздері құрылды; бал арасының 2 аталық іздері құрылды;

әзірленгені: Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде бекіре балығын өсіру технологиялары; сақтық шараларын қолдана отырып, балық қорлары динамикасының моделі негізінде балықтың кәсіптік популяциясын (жеке түрлерін) ұзақ мерзімге пайдалану бойынша ұсыныстар;

әзірленгені: мал түліктерінің, құстардың, шошқалардың ауруларына қарсы қолданылатын вакциналар, диагностикумдар, антгельминтиктер, экологиялық қауіпсіз дезинфекциялайтын, емдік-сақтандыру, иммунды қуаттандыратын препараттар әзірлеу бойынша өндірістің технологиялық регламенттері, нұсқаулықтар жасалды, олардың тәжірибелі партиялары әзірленді т.б.

әзірленгені: өсімдік шаруашылығын механикаландыру үшін машиналар технологиясы жүйесі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін құралдардың,

жабдықтардың, қондырғылардың 12-дей үлгілері, мал шаруашылығы процесстерін механикаландыру құралдары, азық дайындау үшін машиналар кешені, энергияны, суды және жылуды жабдықтайтын техникалық құралдар, фермерлік қожалықтарда энергияның жаңғыртылмалы көздерін пайдалану т.б.; әзірленген ұсыныстар бойынша: агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарын қаржымен қамтамасыз етуге инвесторлардың қатысу тетігін жетілдіру және салаға инвестицияны жұмылдыруды ынталандыру; 2011-2015 жылдары ұлттық азық-түлік рыногын дамытудың теңгерімділік моделі; Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің аумақтық-салалық кластерлерін қалыптасу және жұмыс істеу тетігін қалыптастыру; ДСҰ-ға кіру жағдайында бәсекеге қабілеттілікті арттыру, агроқұрылымды материалдық-техникалық тиімділігін қамтамасыз ету және қызмет көрсету;

патенттерге және алдын ала патенттерге, өнертабысына 30-дан астам өтінім беріліп, 20-ға жуық патенттер мен алдын ала патенттер алынды;

өндіріс үшін 100-ден астам ұсыныс, әдістемелік нұсқау әзірленді.

Түпкілікті нәтиже:

өңірдің табиғи-климаттық сәйкес жағдайларында қолданбалы ғылыми зерттеулердің және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жүргізілуі:

ауыл шаруашылық жануарларының, құстардың, балықтың және араның жоғары өнімді тұқымдары, типтері мен аталық іздерін шығару арқылы мал шаруашылық өнімінің көлемін орташа 5-7 пайызға көтерілуіне;

ауыл шаруашылық, жеміс-жидек және басқа дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен гибридтерін шығару арқылы өсімдік шаруашылығының өнімінің орташа 15-20 пайызға көтерілуіне;

ауыл шаруашылық жануарларының, құстың, балықтың және араның ресурс- және энергия сақтайтын баптау және көбейту технологияларын әзірлеу арқылы малшаруашылық өнімін өндірудің тиімділігінің 3-4 пайызға көтерілуіне;

егін шығымдылығы өсуінің 5-10 пайызға, еңбек шығынының 20 пайызға дейін, жанар-жағар май материалдарының шығынын 30 пайызға төмендеуін қамтамасыз ететін ауыл шаруашылық және басқа дақылдардың экологиялық қауіпсіз және ресурс сақтайтын, барынша бейімдеп өсіруде экономикалық орынды технологияларды әзірлеу арқылы егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласының өнімін өндірудің тиімділігінің көтерілуіне;

су және жер ресурстарын қолдану тиімділігін 15-20 пайызға көтерілуін қамтамасыз ететін су ресурстарын басқарудың тиімді әдістерінің көтерілуіне;

агроөнеркәсіп кешенінің салаларына арналған ресурс сақтайтын жүйелерін, технологияларын және машиналарын шығару арқылы ауыл шаруашылық өнімін өндіретін және қайта өңдейтін кәсіпорындардың рентабельділігін қамтамасыз етуіне ықпал етеді; алдыңғы қатарлы асыл тұқымды шаруашылықтарда малдардың жаңа гендік тұрпаттарын өсіретін асыл тұқымды мал репродукторларын құру, ірі қара, қой,

ешкі, түйе, шошқалардың жоғары өнімді тұрпаттары мен аталық іздерін және құстар кросстарын шығару, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін сапалы, жоғары өнімді және көбейту аймағының табиғи жағдайларына төзімді асыл тұқымды материалмен қамтамасыз ету.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: агроөнеркәсіп кешенінің саласындағы бір тақырыпта жүргізілетін қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстың орташа құны 5 658,33 мың теңгені құрайды.

Уақыттылығы: жыл бойында жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғылыми кеңесінде бекітілген бағдарламалар мен әдістемелерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарының күнтізбелік жоспарларына сәйкес ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізіледі; ғылыми әзірленімдердің жаңалығы және бәсекеге қабілеттілігі патенттермен, алдын ала патенттермен, авторлық куәліктермен расталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
133-ҚОСЫМША

**<u>212-Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы</u> министрлігі**

Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі

2008 жылға арналған
"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту" деген 043 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. <u>Құны</u>** : 31435300 мың теңге (отыз бір миллиард төрт жүз отыз бес миллион үш жүз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 16-бабы ; "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 11, 36, 53-баптары ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылды аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 3, 6, 9, 10, 11, 14, 15-баптары ; Қазақстан Республикасының "Мақта саласының дамуы туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 4-бабы ; "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003

жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 220 Жарлығы ; "Қазақстан 2030 жылға дейін дамыту стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығы ; "Аграрлық секторға кредит беру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 137 қаулысы ; "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы ; "Мал өнімдері корпорациясы акционерлік қоғамын" құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қыркүйектегі N 1168 қаулысы ; "Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 ақпандағы N 220 қаулысы ; "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 470 қаулысы ; "2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының аграрлық өнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 41 қаулысы ; "2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының аграрлық өнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 337 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы N 1247 қаулысы ; 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 220 "Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы мен Елбасының Қазақстан халқына 2005-2007 жылдардағы жылдық жолдауларын іске асыру бойынша негізгі бағыттардың (шаралардың) жалпыұлттық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : аграрлық саясаттың басым бағыттарын жүзеге асыру үшін "ҚазАгро" Ұлттық холдингі" акционерлік қоғамының еншілес

акционерлік қоғамдарын орталықтандырылып капиталдандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : заманға сай жаңа технологияларды енгізуді қарастыратын және экономикаға мультипликативті әсерін тигізетін инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;

ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісі мен қайта өңдеуді оның еселенген құнын ұлғайту арқылы ынталандыру;

ауылшаруашылық өнімін өндірудің, даярлаудың, сатудың, қайта өңдеудің және сақтаудың, сондай-ақ сервистік қызмет көрсетудің нәтижелі инфрақұрылымын қалыптастыру үшін ауылшаруашылық тауарын өндірушілер бірлестіктеріне және ауыл тұрғындарына көмек көрсету;

Қазақстан ауылшаруашылық және балық өнімдерінің оны өндіру және қайта өңдеуде қазіргі заманғы технологияны қолдану негізінде бәсекеге жарамдылығын арттыру;

ауыл кәсіпкерлерін жеңілдік несиелік ресурстарымен қамтуды нығайту;

агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қазіргі заманғы және жаңа ауыл шаруашылығы техникасымен, арнайы техникамен және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету , оларға ауыл шаруашылығы және балық өнімін қайта өңдеу бойынша жабдықтарды сатып алу, агроөнеркәсіп кешенінің субъектілерін өнімділігі жоғары асыл тұқымды мал басымен, қазіргі заманғы технологиялық жабдықтармен және озық техникамен қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарының өндірісін қолдау; мал басын күтіп-баптаудың қазіргі заманғы технологиясын және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің аяқталған циклын пайдалану негізінде қазақстандық мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

мақта қолхаттарын орындауға кепілдік беруді қамтамасыз ету;

несиелік серіктестіктер жүйесін кеңейту;

көрме-жәрмеңке шараларын ұйымдастыру және озық тәжірибені тарату жолымен агробизнестің тиімділік деңгейін арттыру;

аймақтық ақпараттық-консультация беру жүйесінің қызмет көрсету спектрін кеңейту және оның негізінде қоғамдық қол жетерлік орындарын құру;

ауыл тұрғындарын кәсіпкерлік негіздеріне және микронесиені тиімді қолдануға үйрету;

ауыл шаруашылық секторының субъектілерімен халықаралық және аймақаралық іскерлік қарым-қатынастарын кеңейту;

аграрлық рынокқа қатысушыларды ақпараттық-маркетингтік және кеңес беру қызметтерімен қамтуды ұлғайту;

ауыл тұрғындарының қалың көпшілігін кәсіпкерлік жұмысқа жұмылдыру;

ауылдық жерде шаруашылық-экономикалық өмірді жандандыру және жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру;

"ҚазАгро" Ұлттық холдингі" акционерлік қоғамының еншілес акционерлік қоғамдарының қойылған жарғылық мақсаттарына жеткізуді қамту.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13 N 581 Қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар - лама коды | Кіші бағдарлама- лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс- шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын- даушы- лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 043 | | "ҚазАгро" Ұлттық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту, төмендегі мақсатта: қосымша 8 несиелік серіктестік құру; ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдейтін өнеркәсіптерді несиелік серіктестік жүйесі арқылы несиелеу; ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші- лер бірлестіктерін және ауылшаруашы- лық өнімін өндіру, даярлау, сату, қайта өңдеу және сақтау бойынша бірлескен ауыл тұрғындарын, сондай-ақ сервистік қызметті көрсету бойынша несиелендіру; ауылдық жердегі ауыл шаруашылығы- нан тыс кәсіпкер- лік жұмыстардың түрлерін несиелеу. "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамының жарғылық | Қаңтар- желтоқ- сан | Қазақс- тан Респу- бликасы Ауыл шаруа- шылығы минист- рлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | капиталын ұлғайту, төмендегі мақсатта: ауыл шаруашылық техникаларын, арнайы техниканы және технологиялық жабдықтарын (оның ішінде, соңынара лизингке тапсыру үшін) алуды қаржыландыру агроөнеркәсіп кешенінің субъектілері үшін ауыл шаруашылық және балық өнімдерін өңдеу бойынша жабдықтарды (оның ішінде, соңынара лизингке тапсыру үшін) алуды қаржыландыру;<br>Сүт және ет бағытындағы ірі-тауарлы мал шаруашылығы фермаларын құру үшін негізгі құралдарды сатып алуды қаржыландыру (оның ішінде кейіннен лизингке беру үшін) және сүт және ет бағытындағы ірі-тауарлы мал шаруашылығы фермаларын құру үшін айналым қаражатына ішінара кредит беру;<br>"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компания" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту, төмендегі мақсатта: мақталықтың сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыт құрылысын қамтамасыз ету, Поти (Грузия) (диірмені бар) және Амирабад (Иран Ислам Республикасы) порттарында астық | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | терминалдарының құрылысы және оны жабдықтау, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда базарының құрылысының (аймақтық терминалдармен) дайындық жұмыстарын қамтамасыз ету; Оңтүстік-Қазақстан облысында тамшылатып суару технологиясын қолдану арқылы жеміс-көкөніс дақылдарының өндірісін дамыту. "Мал өнімдері корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту, мақсаты: Ірі қара малды бордақылау бойынша қазіргі заманғы дамыған инфрақұрылымы бар алаңдар ұйымдастыру және құру; мал өнімдері мен оны қайта өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарда сатып алу операцияларын, қайта өндіруді, жеткізуді, сақтауды және өткізуді ұйымдастыру және жүргізу. "ҚазАгроГарант" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру үшін қаржылық негіз құру мақсатымен ұлғайту. "Ауыл шаруашылығын қаржымен қолдау қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) жарғылық капиталын ұлғайту. мақсаты: ауыл тұрғындарын Қордың филиалдары мен | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өсімдіктері арқылы шағын несиелеу, соңынара ауыл тұрғындарына шағын несие беру үшін, шағын несиелендіру ұйымдарын несиелендіру, ауыл тұрғындарын кәсіпкерлік негізге оқытуды ұйымдастыру; Қорды материалдық-техникалық жабдықтау. "Казагромаркетинг" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту, мақсаты: ауыл аймақтарында ақпарат және кеңес берудің ауылдық 50 пилоттық пункттерін ашу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: ауыл аудандарын барынша көп қамту үшін, несиелік серіктестіктері жүйесін 8 бірлікке ұлғайту; жеңілдікті кредит ресурстарымен қамтамасыз етілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды 10% дейін ұлғайту;

ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестіктерін және ауылшаруашылық өнімін өндіру, даярлау, сату, қайта өңдеу және сақтау бойынша біріккен ауыл тұрғындарын, сондай-ақ сервистік қызметті көрсетуді несиелендіру; ауылдағы ауыл шаруашылығынан тыс бизнесті одан әрі дамыту үшін ауыл кәсіпкерлерін жеңіл несие ресурстарымен қамтуды ұлғайту.

Түпкілікті нәтиже: ауылдық кредит серіктестіктері жүйесін әрі қарай дамыту үшін жағдай жасау және жеңілдігі бар несие ресурстарымен қамтамасыз ету;

біріккен ауылшаруашылық өнімін өндіру, даярлау, сату, қайта өңдеу және сақтау бойынша, сондай-ақ сервистік қызмет көрсету бойынша ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестіктері және ауыл тұрғындары санының өсуі; жеңілдікпен несие ресурстарын беру арқылы шағын бизнес объектілерінің санын ұлғайту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мынадай бағыттар бойынша бюджет қаражатын игеру жоспарын орындау: жарғылық капиталға 8 несиелік серіктестіктің қатысуы - 42

миллион теңге; несие серіктестіктеріне несие беру - 3 766,9 миллион теңге;

ауылшаруашылық тауар өндірушілер бірлестіктерін және ауылшаруашылық өнімін өндіру, даярлау, сату, қайта өңдеу және сақтау бойынша біріккен ауыл тұрғындарын, сондай-ақ сервистік қызметті көрсету бойынша несиелендіру - 2000,0 миллион теңге;

ауылдық жерде ауыл шаруашылығынан тыс кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне кредит беру - 700,0 миллион теңге.

Уақыттылығы: қосымша 8 несиелік серіктестік құру;

кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін ауыл шаруашылығы өндірістері мен өнеркәсіптеріне несие беру;

ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестіктерін және ауылшаруашылық өнімін өндіру, даярлау, сату, қайта өңдеу және сақтау бойынша біріккен ауыл тұрғындарын, сондай-ақ сервистік қызметті көрсету бойынша несиелендіру;

ауылдық жерде ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызметтің түрлерін несиелендіру.

Сапасы: тиімді ауылдық кредит серіктестіктері желісін құру;

импорттық ауыл шаруашылығы өнімдері үлесін азайту және экспорт үлесін ұлғайту;

ауылда ауыл шаруашылығынан тыс бизнесті дамыту бойынша тиімді инфрақұрылым қалыптастыру.

"ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: ауылшаруашылық және арнайы техниканың машина-трактор паркін және технологиялық жабдықтарды жаңарту;

ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін қайта өңдеу бойынша бәсекеге қабілетті өндірісті дамытуды ынталандыру; мал шаруашылығы өнімінің ірі-тауарлы өндірісін дамыту;

қосымша жұмыс орындарын құру.

Түпкілікті нәтиже: қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату;

отандық тауарлардың сапасын және бәсекеге қабілеттілігін жақсарту есебінен ауыл шаруашылығының өнімдерінің импортты алмастыру деңгейін жоғарылату;

мал шаруашылығы саласын одан әрі дамыту мақсатында меншікті жоғарғы өнімді, асыл тұқымды база құру, өнімділігі жоғарғы асыл тұқымды мал басы санын ұлғайту, мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің импорт алмастыру деңгейін жоғарылату.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын өндірудің және өнімділіктің көлемін ұлғайту;

ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін қайта өңдеу саласында жаңа технологияларды дамыту;

жоғарғы технологиялық техниканы қолдану есебінен егін жинау кезінде шығынды азайту;

жоғарғы технологиялық ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын қолдану есебінен еңбек өнімділігін арттыру, малды күтіп-бағудың озық технологияларын пайдалану есебінен мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің тиімділігін арттыру; жоғары сапалы мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемін ұлғайту (сүт сауу, ет өндіру); агроқұрылымдардың қосымша пайда табуы; жергілікті бюджеттерге салық түсімдерінің көлемін ұлғайту.

Уақыттылығы: агротехникалық талаптарға сәйкес, тиісті ауыл шаруашылық операцияларын іске асырудың басталуына дейін ауыл шаруашылығы техникасын жеткізуді жүзеге асыру мүмкіндігі; жоспарланған жыл ішінде агроиндустриялық ірі-тауарлы фермалар құру.

Сапасы: техниканы және жабдықтарды агроөнеркәсіптік кешеннің қаржылық тұрақты субъектілеріне ғана беру мүмкіндігінің болуы;

техника және жабдықтар агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкес өтінімдері бойынша жеткізіледі;

ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды сатып алу, негізінен, өндіруші зауыттардан тікелей нарықтық бағалардан төмен бағамен және кепілдік қызметпен сатып алынады; Әлемдік стандартқа сай келетін асыл тұқым шығару жұмысын жоғары деңгейге жүргізуді ынталандыру; мал басын күтіп-баптаудың озық технологиясын пайдаланатын мал басын қабылдауға арналған дайын орындары, берік азықтандыру базасы бар ірі-тауарлы мал шаруашылығы фермасын құруды және дамытуды ынталандыру; құрылған ірі-тауарлы мал шаруашылығы фермаларында қатаң ветеринариялық бақылау жүргізу есебінен өндірілетін мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: инвестициялық серпінді жобаларды (құрылыс кестесі бойынша) жүзеге асыру, оның ішінде:

- мақталықтың сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыттың құрылысының бірінші кезеңін 2009 жылғы желтоқсанға дейін қамтамасыздандыру;

- 2009 жылдың желтоқсан айына дейін Поти (Грузия) портындағы (диірмені бар) астық терминалының құрылысы және жабдықтау;

- 2009 жылдың желтоқсан айына дейін Амирабад (Иран Ислам Республикасы) портындағы астық терминалының құрылысы және жабдықтау;

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда базарларының (аймақтық терминалдарымен) құрылысына дайындық жұмыстарын қамтамасыз ету; - Оңтүстік Қазақстан облысында тамшылатып суару технологиясын қолдану арқылы жеміс-көкөніс өндірісін дамытуды 2009 жылғы қазанға дейін бастау.

Түпкілікті нәтиже: инвестициялық серпінді жобаларды (құрылыс кестесі бойынша) жүзеге асыру төмендегідей мүмкіндіктерді береді:

- мақталықтың сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыттың құрылысының бірінші кезеңін қамтуға;

- Поти портында (диірмені бар) астық терминалын құруға Ақтау және Баку порттарындағы астық терминалдарына біртұтас көлік тізбегін ұштастыруды үйлестіру және ол Әзірбайжан, оған шекаралас елдер, біріншіден, Грузия және Түркия елдерінің рыногында Қазақстан астығының ұстанымын күшейту және бекіту үшін жағдай жасайды, сонымен қатар Кавказ арқылы Грузияның Қара теңіз порттарына одан әрі ЕО және Африка елдеріне астықтың былайғы жылжуына мүмкіндік береді;

- астықтықтың дүниежүзілік ірі импортерлерінің бірінің жерінде астық терминалын құру, қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге республикамыздағы астық саласы үшін стратегиялық маңызы бар Иран рыногында өзінің құзырын кеңейту және бекіту үшін жағдай жасайды;

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда базарларының (аймақтық терминалдармен) құрылысына дайындық жұмыстарын қамтамасыз етеді; - Оңтүстік-Қазақстан облысында тамшылатып суару технологиясын қолдану арқылы жеміс-көкөніс өндірісін дамытуды бастау жеміс-жидек дақылдарын және жүзім тұқымын өсіруді қайта жаңғыртуға, жеміс-көкөніс өнімінің өндірісінің көлемін ұлғайтуға көмегін тигізеді.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: осы жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде:

Оңтүстік Қазақстан облысында жылына шамасында 5 мың тонна тұқым өндірісі қуаттылығы бар, әрі қарай жылына 10 мың тоннаға дейін ұлғайтылатын, мақталықтың сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыт құрылысының бірінші кезеңінде қатысудың 100 пайызы қаржыландырылды;

Поти портында 24 мың тонна астықты бір мезгілде сақтау мүмкіншілігі бар элеватор мен тәулігіне 500 тоннаға дейін ұн шығару қуаттылығы бар диірмені бар жылдық өткізу қуаттылығы 500 мың тоннадан 700 мың тоннаға дейін баратын ( диірменімен) астық терминалы кешенінің құрылысына қатысудың 50 пайызы қаржыландырылды;

Амирабад портында бір мезгілде 53 мың тонна сақтау мүмкіншілігі бар элеваторды қоса, жылдық өткізу қуаттылығы 500 мың тоннаға дейін баратын астық терминалы кешенінің құрылысына қатысудың 50 пайызы қаржыландырылды;

Астана қаласының жанында (аймақтық терминалдармен) ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда базарларының жаңа заманғы жоғары технологиялық кешенінің құрылысының бірінші кезеңіне қатысудың 100 пайызы қаржыландырылды; бұрынғы "Ақдала" ТШ" РМК пайдаланылмаған жерінің базасында жеміс-көкөніс кластерін құру басталады.

Уақыттылығы: 1. Мақталықтың сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыттың құрылысы. Корпорацияның жарғылық капиталына түсетін ақшалай қаражат зауыт құрылысы кестесіне сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысында мақталықтың

сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыт құрылысының бірінші кезеңін қамтамасыздандыру үшін Корпорацияның еншілес кәсіпорнының жарғылық капиталын көбейтуге жіберіледі;

2. Поти портындағы (диірмені бар) астық терминалының құрылысы және оны жабдықтандыру.

Корпорацияның жарғылық капиталына түсетін ақшалай қаражат, құрылыс кестесі бойынша Поти портындағы (диірмені бар) астық терминалының құрылысы мен жабдықтау үшін Корпорацияның еншілес кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайтуға жіберіледі;

3. Амирабад портындағы астық терминалының құрылысы және оны жабдықтау.

Корпорацияның жарғылық капиталына түсетін ақшалай қаражат, құрылыс кестесі бойынша Амирабад портындағы астық терминалын құру үшін Корпорацияның еншілес кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайтуға жіберіледі.

4. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда базарларын салу (өңірлік терминалдармен). Жарғылық капиталына түсетін ақшалай қаражат, құрылыс кестесі бойынша Астана қаласының жанында (өңірлік терминалдармен) ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда базарлары құрылысының бірінші кезеңін қамтамасыз ету үшін Корпорацияның еншілес кәсіпорнының жарғылық капиталын ұлғайтуға жіберіледі;

5. Оңтүстік Қазақстан облысында тамшылатып суару технологиясын қолдану арқылы жеміс-көкөніс өндірісін дамыту. Корпорацияның жарғылық капиталына түсетін ақшалай қаражат, осы жобаны 2008 - 2009 жылдарда іске асыруды бастау үшін Корпорацияның еншілес кәсіпорынының жарғылық капиталын ұлғайтуға жіберіледі.

Сапасы: 1. Мақталықтың сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыттың құрылысы.

Түпкі нәтижесінде 5 мың тоннадан астам мақталықтың тұқымын қайта өңдеу жолымен мақталықтың сапалы тұқымын Қазақстанның қажеттілігін жылда жауып тұруды қамтамасыздандыратын мақталықтың сұрыптық тұқымының материалын өндіру бойынша зауыттың құрылысы бойынша жобаны іске асыру, мақталықтың жалаң тұқымдарын (элита, 1-2 көбейтілуі) жылына 5 мың тонна көлемінде өндіру;

2. Поти портындағы (диірмені бар) астық терминалының құрылысы және оны жабдықтандыру.

Поти портында жылдық өткізу мүмкіндігі 350 мың тонна, көлемі 24 мың тонна элеваторы бар тәулігіне 500 тоннаға дейін қуаттылығы бар диірменімен, теңіз кемелеріне астықты қабылдай да, түсіре де алатын заманға сай жүк тиеу жабдығы бар астық терминалының кешенін құру;

3. Амирабад портындағы астық терминалының құрылысы және оны жабдықтау.

Қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге республикамыздағы астық саласы үшін стратегиялық маңызы бар Иран рыногында өзінің құзырын кеңейту

және бекіту үшін жағдай жасайтын астықтықтың дүниежүзілік ірі импортерлерінің бірінің жерінде астық терминалын сатып алу және жабдықтау.

4. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме сауда базарларын салу (өңірлік терминалдармен) сауданың қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме саудасы бойынша жоғары технологиялық кешен құруға мүмкіндік береді, ол азық-түліктің бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз етеді және олардың бағасының маусымдық ауытқуын жұмсартады. Жобаны іске асыру астана тұрғындарын жалпы тұтыну санының 30 %-ға жуық көлемде бағасы төмен азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

5. Оңтүстік Қазақстан облысында тамшылатып суару технологиясын қолдану арқылы жеміс-көкөніс өндірісін дамыту. Жобаны іске асыру тамшылатып суарудың жаңа технологиясын қолдану арқылы бұрынғы "Ақдала" ТШ" РМК пайдаланылмаған жерінің базасында 2008 жылдан бастап 150 га дейінгі алаңға жеміс-көкөніс кластерінің негізін салуға мүмкіндік береді. Тамшылатып суарудың жаңа технологиясын қолдану арқылы 4,2 мың га дейінгі игерілмеген жерге егіс егуді ұйымдастыру жоспарлануда. 2008 жылы жоспарланған өнімнің көлемі 10,8 мың тонна шамасын құрайды, ол 2014 жылға қарай 159 мың тоннаға дейін ұлғайтылады." деген сөздермен толықтырылсын.

"Мал өнімдері корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне, ауыл тұрғындарына және қайта өңдеу кәсіпорындарына, мал өнімдерінің экспортқа бағытталған түрлерін сатып алу, оны қайта өңдеу және негізінде экспортқа сату арқылы қызмет көрсету;

халықаралық талаптарға сай мал өнімінің экспорттық партияларын қалыптастыру үшін инфрақұрылымдық объектілерін құру.

Түпкілікті нәтиже: дүниежүзілік рыноктағы отандық мал өнімдерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру;

жылдық жоғары сапалы етті өндіру қабілеті 1 000 тоннаға жететін дамыған экспорттық инфрақұрылымы бар бордақылау алаңдарының құрылысын қамту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жоғарғы қосымша құнды мал өнімдері өндірісін ұлғайту;

отандық мал өнімдерінің экспортты жеткізілімін ұлғайту.

Уақыттылығы: жаппай өндіру мерзімінде (мамыр-желтоқсан 2008 жыл) мал өнімдерін сатып алу операцияларын ұйымдастыру және жүргізу;

ірі қара мүйізді мал үшін бордақылау алаңдарын құру (қаңтар-желтоқсан 2008 жыл).

Сапасы: ірі қара мүйізді мал үшін заманға лайықты бордақылау алаңдарын құру және ұйымдастыру, халықаралық стандартқа сәйкес жоғарғы сапалы етті өндіруге мүмкіндік береді;

мал өнімдерінің халықаралық сауда жүйесінде Қазақстанның экспорттық

ұстанымын бекіту.

"ҚазАгроКепіл" акционерлік қоғамының жарғылық қорын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: 200 мың көлеміндегі мақта-шикізаттың мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігінің көлемін қамтамасыз ету.

Түпкілікті нәтиже: мақта қолхаттарын кепілдікке беріп ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелеу және мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындау кепілдігі үшін қаржылық негіз құру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Қордың қатысушылары - мақтаны қайта өңдеуші ұйымдарда 200 мың тоннаға дейінгі мақта-шикізаттың сақталуын қамтамасыз ету.

Уақыттылығы: мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігін қамту және мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігінің жүйесінің қалыптасуы.

Сапасы: мақта-шикізаттың сатысының төмендеуін болдырмау немесе Қордың қатысушылары - мақтаны қайта өңдеу ұйымдарында оны жоғалту және мақта қолхаттары бағдарламасы бойынша несиелеуді ұлғайту.

"Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: табысы төмен және орташа үй шаруашылықтарын шағын несиемен қамту шеңберін кеңейту, 2008 жылда шағын несиелерді алатын үй шаруашылықтары саны шамасы 10 769 бірлікке жетеді, оның ішінде 5 000 бірлік филиалдар мен өкілдіктер арқылы; 5 769 бірлік шағын несиелендіру ұйымдары арқылы (несиенің орташа мөлшері - 260 мың теңге болған жағдайда);

2008 жылда кәсіпкерлік негізіне оқытылған ауыл тұрғындарының санын 14 000 адамға шейін арттыру;

Соңынара ауыл тұрғындарын шағын несиелендіру үшін Қор берген ақшалай қаражат беру арқылы ауыл аймақтарында шағын несиелендіру жүйесін қолдау және дамыту;

Жалдауға, кеңсе ғимаратын жалға беру қызметін сатып алу бойынша жыл сайын конкурсты өткізуге, көшуге және жиі мекен-жайды өзгертуге кететін шығындарды азайту мақсатында Қордың 4 филиалдары мен 1 өкілдігін, орталық аппараттың жеке меншік ғимаратының болуы.

Түпкілікті нәтиже: ауыл тұрғындарының табыстарын көбейту, қосымша жұмыс орындарын құру, ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік қабілетін арттыру, ауылдық жерлерде шағын несиелендірудің тиімді жүйесін құру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2008 жылы 1 қарыз алушыға - 14 мың теңге микронесие ұсыну бойынша Қордың шығындары.

Уақыттылығы: 2008 жылы 10 769 үй шаруашылықтарын микронесиемен уақтылы қамту, үйрету жоспары бойынша 700 семинар өткізу.

Сапасы: 2008 жылы шағын несиені қажет ететін үй шаруашылығын шағын

несиемен 3,1 пайызға қамту.

"Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: ауыл аумақтарында ақпарат және кеңес берудің 50 ауылдық пилоттық нүктелерін құру.

Түпкілікті нәтиже: агроөнеркәсіптік кешендердің субъектілерінің ақпараттық қорларға қол жеткізуін қамту;

ауыл тұрғындарының білімі мен ақпараттылық деңгейін көтеру;

Астана қаласындағы көрме-жәрмеңке кешенінің құрылысының бірінші кезеңін қамту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: кәсіпкерлік ортаның ынталығын жүзеге асыру үшін ауыл тұрғындары мен агроөнеркәсіптік кешендердің субъектілеріне қосымша ақпарат алу көзін қамтамасыздандыруды ұйымдастыру арқылы жайлы жағдай құру.

Уақыттылығы: белгіленген мерзімде бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру бойынша шаралар жоспарын орындау.

Сапасы: ауыл тұрғындары мен агроөнеркәсіптік кешендердің субъектілеріне агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының негізгі бағыттары бойынша ақпараттық-маркетингтік және кеңес беру қызметіне ауқымды шеңберде қол жеткізуді қамтамасыз ету.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 134-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Ормандарды сақтау және республиканың орманды аумақтарын көбейту" деген 044 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 282970 мың теңге (екі жүз сексен екі миллион тоғыз жүз жетпіс мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін ұлғайту жобасы) және Қазақстан Республикасы мен Ғаламдық экологиялық атқарушы ұйымы ретінде қатысушы Халықаралық Қайта Құру және Даму

банкінің арасындағы Траст-қордың гранты туралы келісімді (Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін ұлғайту жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 маусымдағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республиканың орманды алқаптарын сақтау және қалпына келтіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жобаны үйлестіру, орман шаруашылығы секторында консультациялық қызметтер көрсету, ормандарды қорғау және молықтыру үшін тауарлармен, материалдармен және тиісті техникамен жарақтандыру, өртке қарсы мақсаттағы және ормандарды молықтыру үшін объектілер салу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 044 | | Ормандарды сақтау және республиканың орманды аумақтарын көбейту | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен | Орманды қорғауға және өртке қарсы күресуге арналған тауарлар мен материалдар сатып алу. Тракторлар сатып алу. Ормандарды аралау және адам тасуға арналған автокөлік сатып алу. Нәтиже-зерттеу станциясының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу. Ертіс жағалауы орманын өрттен қорғау және Арал теңізінің түбіне екпе ағаш отырғызу үшін орман көшеттіктер ғимараттары мен тұрғын жайлар, өрт | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бекеттері, бақылау өрт мұнаралары, суландыру арналары және орман көшеттіктерін қоршау құрылыстарын салу. | | лығы комитеті |
| 3 | | 016 | Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен | Өртке қарсы арнайы киім-кешек және Арал теңізінің кеуіп қалған табанында ағаш отырғызу үшін арнайы киім-кешек сатып алу. Ормандарды сақтау және өрттермен күресу үшін тауарлар мен материалдар, жобаны басқару тобы үшін кеңсе тауарлары мен жанар-жағармай материалдарын сатып алу. Арал теңізінің кеуіп қалған түбіне екпе ағаш отырғызу. Халықаралық кеңесшілердің қызметіне, баламалы әдістерге ормандарды қалпына келтіру әдістері бойынша, өртке қарсы жедел қызмет бойынша, орман өрттерімен күрес жөнінде сараптамалық және ақпараттық жүйелер әзірлеу, орман шаруашылығы қызметіне оқыту және оны дамыту, әлеуметтік даму бойынша, жайылымдық жерлер бойынша, оқыту мен дамуды қолдау бойынша және операциялық шығындарды қоса алғанда басқаруды ұйымдастыру бойынша кеңесшілік қызметтерге ақы төлеу. Жобаны іске асыру тобын қолдау жөнінде қысқа мерзімді негізде 19 ұлттық консультанттың қызметіне ақы төлеу. Ұлттық консультанттар бойынша | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар. Жобаны үйлестіру және іске асыру үшін 30 жергілікті консультанттың қызметін сатып алу. Тракторлар сатып алу. Ормандарды аралау және адамдар тасымалдау үшін автокөлік сатып алу. Ертіс жағалауы орманын өрттен қорғау үшін орман көшеттіктері ғимараттарының және үй-жайларының, суландыру арналары мен орман көшеттіктерін қоршаудың, өрт сөндіру станциясының, өрт қадағалау мұнараларының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу және оларды салу. Өртке қарсы логотиптер әзірлеу, геоақпараттық жүйелерді дамыту бойынша, орман өрттерімен күресу жөнінде ақпараттық жүйенің дизайнын әзірлеу жөніндегі ұлттық консультанттардың қызметіне, орман өрттерін модельдеу жөніндегі зерттеулерге, орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі кешенді консультацияларға, жайылымдық жерлер бойынша радиоактивтілік мониторингіне, қоршаған ортаға әсер ету мониторингіне ақы төлеу, Ертіс өңірі жалды ормандарының деректерін жинау және оның учаскелерін картаға түсіру, операциялық шығындарды | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қоса алғанда, Қызылорда облысындағы сексеуіл тоғайларынан және басқа да екпелер өскен учаскелерден деректерді қашықтықтан жинау және картаға түсіру. | | |
| 4 | | 018 | Грант есебінен | Ақпараттық басқаруды дамыту және географиялық ақпараттық жүйені енгізу бойынша оқу семинарлары мен курстарын өткізу; халықаралық кеңесшілердің қызметіне, баламалы әдістерге ормандарды қалпына келтіру әдістері бойынша, өртке қарсы жедел қызмет бойынша, орман өрттерімен күрес жөнінде сараптамалық және ақпараттық жүйелер әзірлеу, орман шаруашылығы қызметіне оқыту және оны дамыту, әлеуметтік даму бойынша, жайылымдық жерлер бойынша, оқыту мен дамуды қолдау бойынша және операциялық шығындарды қоса алғанда, басқаруды ұйымдастыру бойынша кеңесшілік қызметтерге ақы төлеу; жобаны басқару тобының ормандарды қалпына келтіру мәселелері бойынша халықаралық семинарларға қатысуы; өртке қарсы логотиптер әзірлеу, геоақпараттық жүйелерді дамыту бойынша, орман өрттерімен күресу жөнінде ақпараттық жүйенің дизайнын әзірлеу жөніндегі ұлттық кеңесшілердің | Қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Ауыл шаруашы-лығы министр-лігінің Орман және аңшылық шаруашы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қызметіне, орман өрттерін модельдеу жөніндегі зерттеулерге, орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі кешенді консультацияларға, жайылымдық жерлер бойынша радиоактивтілік мониторингіне, қоршаған ортаға әсер ету мониторингіне ақы төлеу. Ертіс өңірі жалды ормандарының деректерін жинау және оның учаскелерін картаға түсіру, операциялық шығындарды қоса алғанда, Қызылорда облысындағы сексеуіл тоғайларынан және басқа да екпелер өскен учаскелерден деректерді қашықтықтан жинау және картаға түсіру. | | лығы комитеті |

*Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *, өзгерту енгізілді - 2008.09.26* N 581б *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: жобаны үйлестіру жөніндегі кеңесшілердің қызметі, сондай-ақ орман шаруашылығы секторында 100% ұсынылған, орманды қайта өсіруге және сақтауға, өртке қарсы күресу үшін тауарлар мен материалдар сатып алынды және мемлекеттік табиғи орман резерваттарының инфрақұрылымын 70% ұстап тұру шығындары, жобаны сатып алынды; қызмет көрсету автокөлігі - 1 бірлік, доңғалақты тракторлар - 5 бірлік, толық желілі орман аралау автомашиналары - 4 бірлік сатып алынды, орман питомниктерінің үйлері мен тұрғын үй-жайлар, өрт сөндіру станциялары, өрт қадағалау мұнаралары, суландыру арналары және орман көшеттіктерін қоршау құрылыстары салынды.

Түпкілікті нәтиже: іргелі зерттеулер, жаңғырту мен инфрақұрылымды салу және құрал-жабдықтар, тиімді орман басқару арқылы орман қорғау мен орманды қалпына келтіру бойынша шараларды күшейту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Ертіс бойы өңірінде орманды алқаптардың 1 гектарында ормандарды қалпына келтіру құны 70 пайыз жерсінуімен 27 000 теңге, Қызылорда облысында 55 пайыз жерсінуімен 25 650 теңге құрайды.

Уақыттылығы: іс-шараларды атқарудың белгіленген мерзімін ескере отырып, кесте

бойынша жоспарланған жұмыстардың 80 пайызын орындау.

Сапасы: республиканың орманды алқаптарын сақтау және қалпына келтіру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
135-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Агроөнеркәсіп кешені, су және орман шаруашылығы салаларының дамуын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету"
деген 046 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

